



**MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY  
БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ  
САЯСАТЫ**

## АЛҒЫ СӨЗ

- 1. ЕНГІЗІЛДІ:** Маркетинг және сату департаменті;
- 2. БЕКІТІЛГЕН:** «М.С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ Университеті» АҚ атқарушы орган-Басқармасының шешімімен (2024 жылғы « \_\_\_\_»\_\_\_\_\_ № \_\_ хаттама)
- 3. ӨЗІРЛЕУШІ:**  
сату бөлімінің басшысы - Н. Жекшенова  
құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы - М. Крушинский
- 4. ОРНЫНА ЕНГІЗІЛГЕН:** Атқарушы орган-басқарманың шешімімен бекітілген MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY білім алушыларды қабылдау саясаты (2023 жылғы 02 маусымдағы № 140 хаттама).
- 5. ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ:** 1 жыл

## МАЗМҰНЫ

1 ТАРАУ. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ	4
2 ТАРАУ. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	4
3-ТАРАУ. БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	4
4-ТАРАУ. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕР	5
5-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	5
6-ТАРАУ. MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ	8
7-ТАРАУ. ТАЛАПКЕРЛЕР ҮШІН ШЕТ ТІЛІ БОЙЫНША ТҮСУ ЕМТИХАНЫНА ЖӘНЕ ҚАЗАҚ/ОРЫС ТІЛДЕРІ КІРУ ТЕСТІЛЕУІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	11
8 ТАРАУ. ҚҰҚЫҚ ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІНЕ ТАЛАПКЕРЛЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН РӘСІМІ	21
9 ТАРАУ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКА МЕКТЕБІНЕ ТАЛАПКЕРЛЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН РӘСІМІ	22
10 ТАРАУ. ЖОҒАРЫ ГУМАНИТАРЛЫҚ МЕКТЕБІНЕ ТАЛАПКЕРЛЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН РӘСІМІ	26
11 ТАРАУ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА МЕКТЕБІНЕ ТАЛАПКЕРЛЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН РӘСІМІ	30
12 ТАРАУ. МАГИСТРАТУРАҒА ЖӘНЕ ДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ҚАҒИДАЛАРЫ	33
13 ТАРАУ. БАКАЛАВРИАТ БАҒДАРЛАМАСЫНА ШЕТЕЛДІК АЗАМАТТАР ҮШІН ТҮСУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	41
14-ТАРАУ. БАСҚА ШАРТТАР	44
Қосымша 1	45
Қосымша 2	46
Қосымша 3	47
Қосымша 4	51
Қосымша 5	54
Қосымша 6	55

## **1 ТАРАУ. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ**

1.1. «М.С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ Университеті (бұдан әрі-MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY және/ контекстке байланысты Университет) 2024 жылы жоғары білімнің (бакалавриат) және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің (магистратура, докторантура) кәсіптік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі - «Қағидалар», «Қабылдау саясаты») азаматтарды университетке оқуға қабылдау үрдісін ұйымдастыру және бақылау мақсатында әзірленген.

1.2. Ережені «MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY» барлық бөлімшелері қолдануы міндетті.

1.3. Қағидалар талапкерлер мен олардың заңды өкілдерін қабылдау саясатымен таныстыру, сондай-ақ азаматтарды университеттің білім беру бағдарламаларына қабылдау тәртібі мен рәсімін айқындау мақсатында «MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY» және оның құрылымдық бөлімшелерінде ішкі пайдалануға арналған.

## **2 ТАРАУ. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

2.1. Ережелер келесі заңнамаларды ескере отырып әзірленді:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- «Білім туралы» ҚРЗ;
- Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының жайы;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім Министрлігінің нормативтік және нұсқаулық құжаттары;
- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері;
- Университет жарғысы;
- Академиялық саясат;
- алқалы басқару органдарының (атқарушы орган - Басқарма, академиялық және зерттеу кеңесінің) шешімдері;
- университет Басқарма төрағасының және Провосттың бұйрықтары.

## **3 ТАРАУ. БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**

3.1. Қағидаларда келесі белгілер мен қысқартулар пайдаланылды:

ҚР ҒЖБМ – Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі;

ҚҚБ – Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы;

ХЫБ – Халықаралық ынтымақтастық бөлімі;

ҚЖМ – Құқық жоғары мектебі;

ХЭМ – Халықаралық экономика мектебі;

ЖГМ – Жоғары гуманитарлық мектеп;

ХЖМ – Халықаралық журналистика мектебі;

ҰБТ – Ұлттық біріңғай тест;

ЖОЖ – Жұмыс оқу жоспары;

КТ – Кешенді тестілеу;

КЕРТ - Қазақ және орыс тілдерінен түсу емтиханы;

MathTest - Математика пәні бойынша түсу емтиханы;

ЖЖОКБҰ – Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары;

БББ – Білім беру бағдарламалары;

#### **4 ТАРАУ. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕР**

4.1. Ережелер атқарушы орган-басқарманың шешімімен бекітіледі.

4.2. Қағидаларда көрсетілген талаптарды енгізу және орындау, нақты кезеңдерді орындау жөніндегі қызметті ұйымдастыру және үйлестіру үшін маркетинг және сату департаментінің басшысы жауапты.

4.3. Бөлімшедегі құжаттардың сақталуына және рұқсатсыз көшірілуіне және қызметтік ақпараттың жария етілуіне университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары жауапты.

#### **5 ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

5.1. MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY-ге жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар қабылданады.

5.2. Университетке түсуші тұлғаларды қабылдау республикалық бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру грантын тағайындау, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқытуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады. Университеттің білім беру бағдарламалары бойынша республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін қысқартылған оқу мерзімдерінде жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижелері бойынша балл жинаған (*б - қосымшаға сәйкес*) тұлғалар жіберіледі.

5.3. Жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілерді қоспағанда, орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, қысқартылған оқу мерзіміне түсуші, осы Үлгілік қағидалардың 4-тармағында белгіленген шекті балды (ҰБТ нәтижелері бойынша) жинамаған, бейіндік пәндердің сәйкес келмейтін комбинациялары бар ҰБТ нәтижелері бар, ҰБТ нәтижелері жойылған тұлғалар ЖЖОКБҰ күндізгі оқу нысаны бойынша ақылы негізде түседі.

5.4. ЖЖОКБҰ-да академиялық оқу кезеңі аяқталғаннан кейін тұлғалар Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15173 болып тіркелген) бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларына (бұдан әрі - бұйрық) сәйкес ҰБТ-ны белгіленген мерзімде жыл ішінде қайта тапсырады.

5.5. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары университетке оқу мерзімі қысқартылған жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылданады.

«Орта буын маманы» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігі бар техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар қысқартылған оқу мерзіміне түсуші жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша қабылдау және ақылы оқуға түсушілер мектептердің (факультеттердің) емтихан комиссиялары өткізетін сұхбаттасу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

Жоғары білім беру саласындағы ұқсас білім беру бағдарламаларының және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтарының тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Жоғары білімі бар тұлғаларды қысқартылған мерзімде ақылы негізде оқуға қабылдау жоғары мектептердің (факультеттердің) оқуға түсушілерді қабылдау жөніндегі комиссиялары өткізетін сұхбаттасу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

5.6. Ағымдағы жылғы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-ны № 204 бұйрыққа сәйкес белгіленген мерзімде тапсырған және қағидалардың тармағында белгіленген шекті балды жинаған тұлғалар жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік туралы құжатты алғанға дейін, бекітілген қағидалардың тармағында белгіленген шекті балды алған соң, Провосттың атына ақылы негізде университетке қабылдау туралы өтініш береді.

Бұл ретте орта білім беру ұйымдарының 11 (12) сыныптарының бітіруші білім алушылары күнтізбелік жылдың 1 маусымы мен 25 тамызы аралығында жалпы орта білім туралы құжатты алғанға дейін университетке Провост атына ақылы негізде өтініш береді.

5.7. Жалпы орта білімі бар, мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды ақылы негізде ЖЖОКБҰ-ға оқуға қабылдау күнтізбелік жыл ішінде ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиялары өткізетін сұхбаттасу нәтижелері бойынша мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

5.8. Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде бөлінген квота бойынша шетел азаматтарын мемлекетаралық келісімдер негізінде құрылған халықаралық жоғары оқу орындарына қабылдауды университет дербес жүзеге асырады.

5.9. Шетел азаматтарын Университетке ақылы негізде оқуға қабылдау жоғары мектептердің (факультеттердің) оқуға түсушілерді қабылдау жөніндегі комиссиялары өткізетін сұхбаттасу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте шетелдік азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

5.10. Университетте оқыту жүргізілетін білім беру бағдарламаларының тізбесі жалпы орта білім, кәсіптік білім және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлінісінде 1, 2, 3-қосымшаларда келтірілген.

5.11. Ауылдық білім беру ұйымдарын бітірген тұлғалар үшін Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдау квотасы белгіленген бакалавриаттың білім беру бағдарламаларының тізбесі ҚР ҒЖБМ бұйрығымен бекітілген (4 - қосымша).

5.12. MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY білім беру қызметтерін алу кезінде теңдік мүмкіндіктер және кемсітушіліктің болмауы қағидаларына қол жеткізуге және ілгерілетуге ұмтылады.

Сонымен, «М.С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ университетінің инклюзивті білім беру саясаты» және «MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY-дің теңдік, әртүрлілік және инклюзивтілік саясаты» шеңберінде қабылдау компаниясы бірде-бір талапкердің, олардың заңды өкілінің жасына, мүгедектігіне, жынысына, некенің болуы немесе болмауына, ана болу мәртебесіне, нәсіл, дін мен нанымына байланысты кемсітушілікке ұшырамауын көздейді.

Қабылдау комиссиясы өз қызметін жүзеге асыру кезінде келесі қағидаттарды ұстанады:

- мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтеу;
- адам құқықтарын сақтау және қорғау;
- әдептілік;
- теңдік және кемсітушілікке жол бермеу;
- этно-әлеуметтік және этно-ұлттық және діни әртүрлілікті қолдау;
- кедергісіз ортаны қамтамасыз ету және ресурстарға, қызметтерге тең

қолжетімділікті қамтамасыз ету;

- талапкерлерді әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу,

Талапкерлер мен олардың заңды өкілдерінің психофизикалық даму ерекшеліктерін, жеке мүмкіндіктері мен денсаулық жағдайын ескере отырып, кеңес беру, құжаттарды қабылдау, түсу сынақтарын өткізу және білім беру қызметтерін көрсету шартына қол қою «offline» және «online» форматтарында жүзеге асырылуы мүмкін.

Осы мақсатта университетте мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі жандар үшін жоғары білімнің қолжетімділігін едәуір кеңейтуге мүмкіндік беретін электрондық білім беру технологиялары мен қашықтықтан оқыту нысандарының жеткілікті кешені бар.

Университеттің оқу корпусы барлық талапкерлер мен олардың заңды өкілдеріне, студенттері мен қызметкерлеріне, соның ішінде денсаулық сақтау және мүгедектігі бар тұлғаларға теңдік пен ыңғайлылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін архитектуралық қолжетімділіктің барлық талаптарына сай келеді.

Университет инклюзивті білім беру үшін барлық жағдайларды жасауға тырысады, соның ішінде:

1) кедергісіз сәулет ортасын ұйымдастыру:

➤ бұл іргелес аумақтың, кіру жолдарының (кіру топтары пандустармен, арнайы автотұрақтармен, лифтпен тұрақпен жабдықталған) және оқу кампусы мен жатақхананың ішінде жүру жолдарының болуы;

➤ арнайы жабдықталған санитарлық-гигиеналық үй-жайдың болуы;

➤ дабыл жүйесінің болуы (университет қызметкерлерін сүйемелдеу бойынша шақыру түймесі).

2) пайдаланушылардың есту және көру қажеттіліктерін ескере отырып, университеттің ресми сайтында бейімделу функциясының болуы;

3) мүмкіндігі шектеулі және мүгедек тұлғалар үшін оқытудың жеке кестесі бойынша, білім беру бағдарламалары мен білім беру үрдісін бейімдеу бойынша (емтихандар мен сынақтарды қашықтықтан тапсыруды қоса алғанда) оқыту жағдайлардың болуы;

3) Медициналық және психологиялық қолдау (оқу корпусында және жатақханада медициналық пункт, штатта 3 психолог) қамтамасыз етілуі;

4) компьютерлік сыныптар мен кітапхана техникалық құралдармен және бағдарламалық жарақтандырылуы:

➤ қазақ және орыс тілдерінде сөйлеу синтезі бар «Jaws for Windows Pro» крандық қол жеткізу, USB-тасымалдағыштағы көп тілді пакетпен жиынтықта;

➤ USB медиасындағы «Guide Connect» зағип және нашар көретіндер үшін қол жетімді жұмыс ортасы;

➤ USB медиасындағы «EiEdit» Брайль мәтін аудармашысы;

➤ Брайль бойынша оқуға арналған «Canute 360» тактильді дисплей (40 таңбадан тұратын 9 жол);

➤ тактильді графиканы басып шығаруға арналған құрылғы VP EmBraille;

- «EIBraille-W40J G2E» Брайль шрифті және сөйлеу синтезаторы бар портативті компьютер;
- қазақ және орыс тілдерінде сөйлеу синтезін қолдайтын «ClearReader+» оқу машинасы және «ClearReader+» құрылғысына арналған пернетақта;
- «Prodigy Connect 12» портативті бейне үлкейткіш;
- «ТОPAZ XL HD 24» стационарлық электронды бейне үлкейткіш;
- Led-жарықтандырылған 10-х үлкейткіш әйнек
- арбадағы мүгедектерге арналған арнайы жиһазбен жабдықтау - Pro UP Air және электрлік көтеру жүйесі (екі мотор) және пульттен басқарылатын үстел.

5) профессорлық-оқытушылық құрамының және оқу-көмекші персоналдың денсаулық сақтау мүмкіндіктері шектеулі студенттермен жұмыс істеуге кәсіби дайындығы туралы біліктілігін арттыру жүйесі әзірленеді.

5.13. Университет келесі санаттарды, білім алушылар мен тыңдаушыларды қабылдауды жүзеге асырады:

5.13.1. **Білім алушы** - оқытудың білім беру бағдарламаларын аяқтауға және академиялық дәреже алуға ниетті кез келген білім алушы. Білім алушыларға студенттер, магистранттар және докторанттар жатады.

5.13.2. **Тыңдаушы (audit)** – академиялық дәреже тағайындаусыз білім беру бағдарламасының бір бөлігін игере алатын кез келген тұлға.

5.13.3. **Тыңдаушы (non-degree)** – білім беру бағдарламасының бір бөлігін игере алатын жоғары мектептің білім беру бағдарламасына қабылдау талаптарын орындаған кез келген тұлға.

Университетте курстарды тыңдағысы келетін тұлға осы Ереженің 6-тармағына сәйкес барлық қажетті құжаттарды ұсынуы керек және рұқсат алу үшін тиісті мектептің академиялық сапа комитетіне академиялық кезең басталғанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей өтініш беруі керек. Non-degree тыңдаушылары пәндерді игеруді жоғары мектептердің академиялық сапа комитеттерінің шешімі негізінде провост бұйрығымен жүзеге асырылады. Тыңдаушылардың жеке істері білім алушыларға қызмет көрсету орталығына сақтауға беріледі.

5.14. Түсу емтихандарын өткізу кезеңінде университетте талапкерлер үшін жоғары мектептердің оқуға түсушілерді қабылдау жөніндегі комиссиялары құрылады.

Комиссияның құзыретіне:

- Шетел азаматтарын қабылдау үшін сұхбат/түсу емтихандарын өткізу;
- Халықаралық журналистика БББ оқуға түсушілер үшін шығармашылық түсу емтихандарын өткізу;
- Шетел азаматтарын магистратура бағдарламаларына қабылдау үшін сұхбат/түсу емтихандарын өткізу;
- Докторантура бағдарламаларына қабылдау үшін сұхбат/түсу емтихандарын өткізу;
- Оқу мерзімі қысқартылған бағдарламаларға қабылдау үшін сұхбат/түсу емтихандарын өткізу;
- Математика және ағылшын тілі бойынша магистратура және бакалавриат бағдарламаларына түсу емтихандары бойынша жеке сұрақтар кіреді.



## **6 ТАРАУ. MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ**

### **6.1. Бакалавриаттың күндізгі оқу бағдарламаларына «Early admission»:**

Осы бағдарламаның мақсаттары:

- университетте жоғары білім алуға ниетті ең дарынды оқушыларды іздеу;
- әдеттегі белгіленген қабылдау мерзімінің алдындағы кезеңде талапкерлерден қажетті құжаттарды жинауға көмек көрсету.

«Early admission» бағдарламасына қатысатын талапкерлер сайт арқылы <https://lp.mnu.kz/admission> келесі құжаттар топтамасын онлайн түрде ұсынуы қажет:

- Талапкердің жеке куәлігі;
- Талапкердің туу туралы куәлігі және ата-анасының не заңды өкілінің жеке куәлігі (егер талапкер кәмелетке толмаған болса)
- 3x4 сурет
- ҰБТ сертификаты (бар болған жағдайда)
- 40 000 (қырық мың) теңге мөлшерінде біржолғы жарнаны төлеу туралы түбіртек;

➤ Шет тілін білуін растайтын сертификат (IELTS/TOEFL/Duolingo/CAE/PET/FCE);

- Qaztest сертификаты (Құқық жоғары мектебінің мамандықтары үшін);
- Мотивациялық хат.

#### **Мотивациялық хат талаптары:**

- мотивациялық хат мазмұнының сәйкестігі;
- сауаттылық;
- қатысушы жұмысының бірегейлігі;
- шрифт - Times New Roman
- Кегль (өлшемі) - 12
- Жолдар арасындағы интервал - 1,5
- Сөз саны - 500 сөзден кем емес
- Эссе құрылымы - кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды
- Стиль - ресми іскерлік
- Тілдер - қазақ, орыс, ағылшын.

Қажетті құжаттар пакетін ұсынған және университетке түсу конкурсына қатысқан талапкерлерге қабылдау комиссиясы жазбаша хабарлама жібереді.

Бұл хабарламада:

- құжаттарды қабылдау туралы растау;
- қабылдау үрдісіне қатысты нұсқаулар, соның ішінде қабылдау рәсімін аяқтау үшін қажетті қадамдар жазылған.

Талапкерлер тізімге сәйкес құжаттардың түпнұсқаларын университеттің қабылдау комиссиясына ұсынуға міндеттенеді. Талапкерлерді бакалавриат бағдарламаларына қабылдау 6-тараудың 6.2.1-тармағына сәйкес жүргізіледі.

### **6.2. Бакалавриаттың күндізгі оқу бөлімі бойынша бағдарламаларына университетке қабылдау:**

6.2.1. Студенттерді университетке бакалавриат бағдарламаларына қабылдауды қабылдау комиссиясы **2024 жылғы 10-25 тамыз аралығында жүргізеді.**

6.2.2. Қабылдау комиссиясына талапкерлер келесі құжаттарды тапсырады:

- Жалпы орта, техникалық және кәсіптік (бастауыш кәсіптік немесе орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі немесе жоғары (жоғары кәсіптік) білім туралы құжат (түпнұсқа);

- 3x4 өлшемді 6 сурет (электрондық форматта және офлайн);
- 075-У нысанындағы медициналық анықтама (түпнұсқа);
- флюорографияның суреті (түпнұсқа);
- егу картасы, 063/У нысанындағы анықтама;
- ҰБТ сертификаты;
- білім беру грантын беру туралы электрондық куәлік;
- КЕРТ нәтижесі

***\*Ескертпе:*** Құқық жоғары мектебінің білім беру бағдарламаларына түсемін талапкерлер үшін КЕРТ орнына қазақ тілін меңгергенін растайтын Qaztest сертификатын ұсынуға рұқсат етіледі;

- ағылшын тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат;
- Мотивациялық хат;
- жеке куәліктің түпнұсқасы мен көшірмесі, туу туралы куәліктің түпнұсқасы мен көшірмесі (егер оқуға түсуші кәмелетке толмаған болса);
- біржолғы жарнаны төлеу туралы түбіртек;
- тіркеу куәлігінің немесе әскери билеттің көшірмесі (күндізгі бөлімге түсетін ұлдар үшін).

6.2.3 Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар тұлғалар қосымша мынадай құжаттардың бірін береді:

- еңбек кітапшасының көшірмесі (түпнұсқасы салыстыру үшін беріледі);
- жұмыс беруші қол қойған қызметтік тізім (ұйымның мөрімен расталған, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі бар болған жағдайда);
- қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтерді қамтитын мұрағаттық анықтама;
- аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірме және жүргізілген әлеуметтік аударымдар туралы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан мәліметтер;
- жұмыс берушінің жұмысты тоқтату күні мен негізі туралы белгісі бар еңбек шарты;
- еңбек шартын жасасу және тоқтату негізінде еңбек қатынастарының туындауын және тоқтатылуын растайтын жұмыс берушінің актілерінен үзінді көшірме;
- қызметкерлерге жалақы беру ведомостінен үзінді көшірме;
- кіру жарнасын төлеу туралы түбіртек.

6.2.4. Университетке түсуші тұлғалар не олардың заңды өкілдері атқарушы орган - Басқарма бекіткен үлгілік нысанға сәйкес «Қосылу туралы өтінішке» қол қою арқылы білім беру қызметтерін өтеулі көрсету туралы шарт жасасады.

6.2.5. Университетке ағымдағы жылғы жалпы орта білім беру ұйымдарының (мектептің) түлектері, өткен жылдардағы жалпы орта білім беру ұйымдарының (мектептің) түлектері, сондай-ақ ҰБТ нәтижелері бойынша 140 баллдан кемінде 50 балл жинаған техникалық және кәсіптік білім беру түлектері, «Құқық» даярлау бағыты бойынша 140 баллдан кемінде 75 балл алған, «Психология», «Туризм», «Қонақжайлылық», «Аударма ісі», «Қолданбалы лингвистика» даярлау бағытында 140 баллдан кемінде 70 балл жинаған талапкерлер түседі. Бұл ретте ҰБТ міндетті пәндері бойынша балдардың шекті деңгейі Қазақстан тарихы бойынша кемінде 5 баллды және математикалық сауаттылық пен оқу сауаттылығы бойынша кемінде 3 баллды құрайды, бейіндік пәндер және (немесе) шығармашылық емтихандар бойынша шекті балдар 1-қосымшада көрсетілген.

Бұл ретте «Журналистика және репортер ісі» БББТ бойынша ҰБТ пәндерінің бірінші блогы Қазақстан тарихы мен оқу сауаттылығы ескеріледі. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар, қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсетін, ҰБТ-дан өткен және республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысатын тұлғалар ҰБТ нәтижелері бойынша кемінде 25 балл, оның ішінде жалпы кәсіптік пән бойынша 5 баллдан төмен емес және арнаулы пән бойынша кемінде 5 балл, шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсушілерді қоспағанда, бейіндік пәндер бойынша шекті баллдар (*2-қосымшада*) көрсетілген.

6.2.6. Қағидалардың 7, 8, 9, 10-тармақтарында университеттің ҚЖМ, ХЭМ, ЖГМ және ХЖМ білім беру бағдарламаларына қабылдауға қойылатын қосымша талаптар белгіленген.

6.2.7. Университет студенттерінің қатарына қабылдау бірінші басшының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

6.2.8. Шет тілінде ұсынылатын құжаттардың қазақ немесе орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармасы болуы тиіс.

6.2.9. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар бірінші академиялық кезең ішінде тұлғаларды қабылдағаннан кейін ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен тану (нострификациялау) рәсімінен өтеді.

6.3. Университет қабылдау комиссиясының жұмысы аяқталған сәттен бастап он күндік мерзімде ҚР ФЖБМ-не Қабылдау компаниясын ұйымдастыру және өткізу бойынша қорытынды есеп береді.

6.4. Қағидалармен регламенттелмеген мәселелер университеттің қабылдау комиссиясының қарауына жатады.

## **7-ТАРАУ. ТАЛАПКЕРЛЕР ҮШІН ШЕТ ТІЛІ БОЙЫНША ТҮСУ ЕМТИХАНЫНА ЖӘНЕ ҚАЗАҚ/ОРЫС ТІЛДЕРІ БОЙЫНША КІРУ ТЕСТІЛЕУІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

7.1. Университеттің білім беру бағдарламаларына (күндізгі бөлімге) түсу үшін міндетті шарттардың бірі шет тілін меңгеру деңгейін растайтын халықаралық сертификаттың болуы (IELTS, TOEFL IBT, Duolingo, Cambridge exam (PET/FCE/CAE), сондай-ақ қазақ/орыс тілдері бойынша Qaztest немесе КЕРТ сертификатын (*1-кесте*) тапсыру болып табылады.

7.2. Университеттің білім беру бағдарламаларына қабылдау үшін ағылшын тілін меңгеру деңгейіне қойылатын талаптар 1-кестеде көрсетілген.

Қазақ/орыс тілі бойынша тестілеу деңгейді анықтау үшін тапсырылады, тіл деңгейі туралы мәліметтер студенттерге «Қазақ тілі» / «Орыс тілі» пәндеріне тіркелу кезінде қажет (2-кесте).

**Ағылшын тілін меңгеруге қойылатын кіру талаптары (шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне сәйкес - Common European Framework Language System).**

<b>Білім беру бағдарламасының атауы</b>	<b>Qaztest</b>	<b>Academic IELTS</b>	<b>TOEFL IBT, Duolingo, PET/FCE/CAE/* (IELTS баламасы)</b>
6B04201 - Құқықтану	Қазақ тілін меңгеруге қойылатын талаптар жоқ, алайда талапкерге Qaztest сертификатын ұсыну не деңгейлері бойынша топтарға одан әрі бөлу үшін қазақ тілі немесе орыс тілі бойынша КЕРТ тапсыру керек	Ағылшын тілін меңгеруге қойылатын талаптар жоқ, бірақ талапкерге деңгейлік топтарға бөлу үшін IELTS/TOEFL IBT/PET/FCE/CAE сертификатын ұсыну қажет	
6B04202 - Халықаралық құқық	Қазақ тілін меңгеруге қойылатын талаптар жоқ, алайда талапкерге Qaztest сертификатын ұсыну не деңгейлері бойынша топтарға одан әрі бөлу үшін қазақ тілі немесе орыс тілі бойынша КЕРТ тапсыру керек	Ағылшын тілін меңгеруге қойылатын талаптар жоқ, бірақ талапкерге деңгейлік топтарға бөлу үшін IELTS/TOEFL IBT/PET/FCE/CAE сертификатын ұсыну қажет	
6B04111 - Бухгалтерлік есеп саласындағы іскерлік әкімшілендіру  6B04114 - Қаржы саласындағы іскерлік әкімшілендіру	Қазақ тілін меңгеруге қойылатын талаптар жоқ, алайда талапкерге Qaztest сертификатын ұсыну не деңгейлері бойынша топтарға одан әрі бөлу үшін қазақ тілі немесе орыс тілі бойынша КЕРТ тапсыру керек	5,0 кем емес	IBT кемінде 35 Duolingo кемінде 80 PET кемінде 154 FCE кемінде 154 CAE кемінде 160

<p>6B04112 - Экономика және деректер ғылымы саласындағы іскерлік әкімшілендіру</p> <p>6B04115 - Менеджмент саласындағы іскерлік әкімшілендіру</p> <p>6B04116 - Ақпараттық технологиялар саласындағы іскерлік әкімшілендіру</p> <p>6B04116 - Маркетинг саласындағы іскерлік әкімшілендіру</p>			
<p>6B03103 - Халықаралық қатынастар</p>	<p>Қазақ тілін меңгеруге қойылатын талаптар жоқ, алайда талапкерге Qaztest сертификатын ұсыну не деңгейлері бойынша топтарға одан әрі бөлу үшін қазақ тілі немесе орыс тілі бойынша КЕРТ тапсыру керек</p>	<p>5,5 кем емес</p>	<p>IBT кемінде 46 Duolingo кемінде 95 PET кемінде 162 FCE кемінде 162 CAE кемінде 162</p>
<p>6B11101 - Қонақжайлылық</p> <p>6B11102 - Туризм (оқу мерзімі-4 жыл)</p>	<p>Қазақ тілін меңгеруге қойылатын талаптар жоқ, алайда талапкерге Qaztest сертификатын ұсыну не деңгейлері бойынша топтарға одан әрі бөлу үшін қазақ тілі немесе орыс тілі бойынша КЕРТ тапсыру керек</p>	<p>5,0 кем емес</p>	<p>IBT кемінде 35 Duolingo кемінде 80 PET кемінде 154 FCE кемінде 154 CAE кемінде 160</p>

<p>6B11101 - Қонақжайлылық</p> <p>6B11102 - Туризм (оқу мерзімі-3 жыл)</p>	<p>Қазақ тілін меңгеруге қойылатын талаптар жоқ, алайда талапкерге Qaztest сертификатын ұсыну не деңгейлері бойынша топтарға одан әрі бөлу үшін қазақ тілі немесе орыс тілі бойынша КЕРТ тапсыру керек</p>	<p>5,5 кем емес</p>	<p>IBT кемінде 46 Duolingo кемінде 95 PET кемінде 162 FCE кемінде 162 CAE кемінде 162</p>
<p>6B02301 Аударма ісі (ағылшын бөлімі, оқу мерзімі- 4 жыл)</p>	<p>Қазақ тілін меңгеруге қойылатын талаптар жоқ, алайда талапкерге Qaztest сертификатын ұсыну не деңгейлері бойынша топтарға одан әрі бөлу үшін қазақ тілі немесе орыс тілі бойынша КЕРТ тапсыру керек</p>	<p>5,0 кем емес</p>	<p>IBT кемінде 35 Duolingo кемінде 80 PET кемінде 154 FCE кемінде 154 CAE кемінде 160</p>
<p>6B02301 Аударма ісі (оқу мерзімі-3 жыл)</p>	<p>Қазақ тілін меңгеруге қойылатын талаптар жоқ, алайда талапкерге Qaztest сертификатын ұсыну не деңгейлері бойынша топтарға одан әрі бөлу үшін қазақ тілі немесе орыс тілі бойынша КЕРТ тапсыру керек</p>	<p>5,5 кем емес</p>	<p>IBT кемінде 46 Duolingo кемінде 95 PET кемінде 162 FCE кемінде 162 CAE кемінде 162</p>
<p>6B02302 - Қолданбалы лингвистика (оқу мерзімі- 4 жыл)</p>	<p>Қазақ тілін меңгеруге қойылатын талаптар жоқ, алайда талапкерге Qaztest сертификатын ұсыну не деңгейлері бойынша топтарға одан әрі бөлу үшін қазақ тілі немесе орыс тілі бойынша КЕРТ тапсыру керек</p>	<p>5,0 кем емес</p>	<p>IBT кемінде 35 Duolingo кемінде 80 PET не менее 154 FCE не менее 154 CAE не менее 160</p>
<p>6B02302 - Қолданбалы лингвистика (оқу мерзімі-3 жыл)</p>	<p>Қазақ тілін меңгеруге қойылатын талаптар жоқ, алайда талапкерге Qaztest сертификатын ұсыну не деңгейлері бойынша топтарға одан әрі бөлу үшін қазақ тілі немесе орыс тілі бойынша КЕРТ тапсыру керек</p>	<p>5,5 кем емес</p>	<p>IBT кемінде 46 Duolingo кемінде 95 PET кемінде 162 FCE кемінде 162 CAE кемінде 162</p>

6B03101 Психология (оқу мерзімі-3 жыл, 4 жыл)	Қазақ тілін меңгеруге қойылатын талаптар жоқ, алайда талапкерге Qaztest сертификатын ұсыну не деңгейлері бойынша топтарға одан әрі бөлу үшін қазақ тілі немесе орыс тілі бойынша КЕРТ тапсыру керек	Ағылшын тілін меңгеруге қойылатын талаптар жоқ, бірақ талапкерге деңгейлік топтарға бөлу үшін IELTS/TOEFL IBT/PET/FCE/CAE сертификатын ұсыну қажет	
6B03201 - Халықаралық журналистика (оқу мерзімі - 3 жыл)	Қазақ тілін меңгеруге қойылатын талаптар жоқ, алайда талапкерге Qaztest сертификатын ұсыну не деңгейлері бойынша топтарға одан әрі бөлу үшін қазақ тілі немесе орыс тілі бойынша КЕРТ тапсыру керек	4,0 кем емес	IBT кемінде 30 Duolingo кемінде 60 PET кемінде 140 FCE кемінде 140 CAE кемінде 160



## Қазақ /орыс тілдері бойынша топтарға бөлу тесті

Білім беру бағдарламасының атауы	Қазақ /орыс тілі бойынша тест тапсыру	Қабылдау туралы бұйрық шыққаннан кейін пәндерге тіркеу
6B02301 Аударма ісі (ағылшын бөлімі, оқу мерзімі - 4 жыл)  6B02302 - Қолданбалы лингвистика (оқу мерзімі- 4 жыл)	қажет емес	Таңдалған мамандандыруға сәйкес: <ul style="list-style-type: none"> <li>• KAZ-ENG тілдік жұбын таңдағандар қазақ тіліне тіркеледі;</li> <li>• RUS-ENG - тілдік жұбын таңдағандар орыс тіліне тіркеледі</li> </ul>
6B11101 - Қонақжайлылық (оқу мерзімі- 4 жыл)  6B11102 - Туризм (оқу мерзімі- 4 жыл)	қазақ тілі бойынша кіру тестілеуін тапсыру қажет	барлық студенттер КЕРТ тілінде анықталған қазақ тілінің деңгейіне байланысты қазақ тіліне тіркеледі
6B02301 Аударма ісі (оқу мерзімі-3 жыл)  6B02302 - Қолданбалы лингвистика (оқу мерзімі-3 жыл)  6B11102 - Туризм (оқу мерзімі-3 жыл)  6B03101 Психология (оқу мерзімі-3 жыл)	қажет емес	пәнге қайта тіркелу туралы өтінішпен тіркеу кезеңінде эдвайзерге хабарласыңыз

6B03101 Психология (оқу мерзімі- 4 жыл)	қажет емес	Орыс бөлімі орыс тілінде тіркеледі. Қазақ бөлімі қазақ тіліне тіркеледі.
<p>6B04111 - Бухгалтерлік есеп саласындағы іскерлік әкімшілендіру</p> <p>6B04114 - Қаржы саласындағы іскерлік әкімшілендіру</p> <p>6B04112 - Экономика және деректер ғылымы саласындағы іскерлік әкімшілендіру;</p> <p>6B04115 - Менеджмент саласындағы іскерлік әкімшілендіру</p> <p>6B04116 - Ақпараттық технологиялар саласындағы іскерлік әкімшілендіру</p> <p>6B04117 - Маркетинг саласындағы іскерлік әкімшілендіру</p> <p>6B03103 - Халықаралық қатынастар</p>	қазақ тілі бойынша кіру тестілеуін тапсыру қажет	барлық студенттер КЕРТ тестінде анықталған қазақ тілінің деңгейіне байланысты қазақ тіліне тіркеледі
6B04201 - Құқықтану	Таңдалған тілдік оқыту тобына сәйкес: орыс тілдік бөлімшесін таңдағандар қазақ тілі бойынша кіру тестілеуін тапсыруды талап етіледі/ қазақ тілдік бөлімшесін таңдағандар орыс тілі бойынша кіру тестілеуін тапсыруды талап етіледі	

6B04202 - Халықаралық құқық	Таңдалған тілдік оқыту тобына сәйкес: орыс тілдік бөлімшесін таңдағандар қазақ тілі бойынша кіру тестілеуін тапсыруды талап етіледі/ қазақ тілдік бөлімшесін таңдағандар орыс тілі бойынша кіру тестілеуін тапсыруды талап етіледі	
6B03201 - Халықаралық журналистика (оқу мерзімі - 3 жыл)	қажет емес	Таңдалған мамандандыруға сәйкес: <ul style="list-style-type: none"><li>• KAZ-ENG тілдік жұбын таңдағандар қазақ тіліне тіркеледі;</li><li>• RUS-ENG - тілдік жұбын таңдағандар орыс тіліне тіркеледі</li></ul>

7.2. Егер талапкердің ағылшын тілін меңгеру деңгейі талап етілгеннен төмен болса, ағылшын тілді бөлімшеге қабылдау туралы шешім Жоғары мектептің Академиялық сапа комитетінің шешімі негізінде қабылданады. Шет тілін меңгерудің белгілі бір деңгейін көздейтін басқа пәндерге не тіл бөліміне сәйкес келмейтін пәндерге тіркеуге жіберу тиісті жоғары мектептің шешімі негізінде жүзеге асырылатын болады. Шешімнің орындалуын бақылау тиісті білім беру бағдарламасының эдвайзеріне жүктеледі.

7.3. Талапкер баға тізіліміне сәйкес ақылы негізде қазақ/орыс тілі бойынша КЕРТ тапсыруға құқылы.

**КЕРТ тестілеуіне тіркеуді ұйымдастыру және КЕРТ тапсыру әрекеттерінің санын есепке алу жауапкершілігі Admission office жүктеледі.**

## **8 ТАРАУ. ҚҰҚЫҚ ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІНЕ ТАЛАПКЕРЛЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН РӘСІМІ**

8.1. ҚЖМ білім беру бағдарламаларына түсу кезінде университеттің оқуға түсуге қойылатын жалпы талаптарын орындау қажет (5, 6,7-тарауларда көрсетілген).

8.2. Құқық жоғары мектебінің білім беру бағдарламаларына түсетін және Academic IELTS band Score 5.5 және одан жоғары сертификаты бар не оның баламасы (Academic IELTS, TOEFL IBT, Cambridge FCE/CAE) бар талапкерге, Writing және Speaking секциялары бойынша IELTS 5.5 (не олардың баламалары) болған жағдайда, тиісті пәндер бойынша (2-кестені қараңыз) 100% (A, «өте жақсы», 4,0) балл беріледі:

**Кесте 2. Ағылшын тілі пәндерін ҚЖМ БББ бойынша қайта есептеу**

Сынақ қойылатын пәннің атауы	Кредит саны	Қайта есептеу үшін негіз		
		FCE/CAE Scores	IELTS Scores	TOEFL Scores
«Cambridge English: B2 First»  1-семестр	5	FCE (Overall Score: 162-175; Writing and Speaking score: 162 and higher)  CAE (Overall Score: 162-175; Writing and Speaking score: 162 and higher)	Overall 5.5 - 6.0  (Speaking and Writing 5.5 and higher)	Overall 46-78  (Writing score 18 and higher, Speaking score 16 and higher)
«Cambridge English: C1 Advanced»  1-семестр	5	FCE (Overall Score: 176-184; Writing and Speaking score: 162 and higher)  CAE (Overall Score: 176-184;	Overall 6.5  (Speaking and Writing 5.5 and higher)	Overall 79-93 (Writing score 18 and higher, Speaking score 16 and higher)

		Writing and Speaking score: 162 and higher)		
«Cambridge English: C1+ Advanced»  2-семестр	5	CAE (Overall Score: 185 and higher; Writing and Speaking score: 162 and higher)	Overall 7.0 and higher  (Speaking and Writing 5.5 and higher)	Overall 94 and higher (Writing score 18 and higher, Speaking score 16 and higher)

8.3. Академиялық сапа комитетінің шешімі бойынша академиялық кредиттерді қайта есептеу жүргізілуі мүмкін:

- халықаралық бакалавриат және Назарбаев Зияткерлік мектептері бағдарламасының түлектеріне;
- байланысты білім беру бағдарламалары бойынша техникалық кәсіптік білімі бар студенттерге;
- бакалавриатта оқу кезеңінде магистратураның білім беру бағдарламасының пәндерін оқыған магистранттарға;
- студенттер немесе магистранттар құрамына қабылдау кезінде бакалавриат немесе магистратура білім беру бағдарламасының пәндерін меңгерген тыңдаушыларға (non-degree).

Кредиттерді қайта есептеуге қойылатын талаптар жоғары мектептің академиялық каталогында жазылады.

#### **8.4 Қысқартылған оқу мерзімімен күндізгі оқу нысанына түсуге қойылатын талаптар.**

8.4.1. «Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша қысқартылған оқу мерзімімен күндізгі оқу нысанына орта кәсіптік білім базасында талапкерлер қабылданады (оқу мерзімі 3 жыл).

8.4.2. Білім беру грантына түсу үшін талапкер ҰБТ нәтижелері бойынша (50 балдан төмен емес), оның ішінде жалпы бейіндік және арнайы пәндер бойынша (пәндердің әрқайсысы бойынша) кемінде 5 балл жинауы қажет;

8.4.3. Орта кәсіптік білім туралы дипломда, **B042-Құқық** білім беру бағдарламаларының туыстық тобында көрсетілген біліктілік болған жағдайда, талапкер қабылдау жөніндегі Жоғары мектеп комиссиясының мүшелерімен сұхбаттасу негізінде ақылы бөлімшеге қабылданады. Жоғары мектептің қабылдау жөніндегі комиссиясы 24 тамызға дейінгі мерзімде оқуға қабылдау туралы шешім қабылдайды және оны қабылдау комиссиясына ұсынады.

8.4.4. Қабылдау рәсімі мен шарттарын, қажетті құжаттар тізбесін қоса алғанда, талапкерлерді қос дипломды/бірлескен бағдарламаларға қабылдау тәртібі серіктес ЖОО-мен екіжақты шартта және осы шартқа қосымшаларда айқындалады.

### **9 ТАРАУ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКА МЕКТЕБІНЕ ТАЛАПКЕРЛЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН РӘСІМІ**

9.1. ХЭМ білім беру бағдарламаларына түсу кезінде университеттің оқуға түсуге қойылатын жалпы талаптарын орындау қажет (5, 6,7-тарауларында көрсетілген).

9.2. ХЭМ білім беру бағдарламаларына (Халықаралық қатынастар БББ-дан басқа) түсетін және Academic IELTS band Score 5.5 және одан жоғары сертификаты бар не оның баламасы (Academic IELTS, TOEFL IBT, Cambridge FCE/CAE) бар талапкерге, Writing және Speaking секциялары бойынша IELTS 5.5 (не олардың баламалары) болған жағдайда, тиісті пәндер бойынша (3-кестені қараңыз) 100% (А, «өте жақсы», 4,0) балл беріледі:

**3- кесте. Ағылшын тілі пәндері бойынша ХЭМ БББ (ХҚ БББ-дан басқа) бойынша қайта есептеу**

Сынақ қойылатын пәннің атауы	Кредит саны	Қайта есептеу үшін негіз		
		FCE/CAE Scores	IELTS Scores	TOEFL Scores
«Cambridge English: B2 First» 1-семестр	10	FCE (Overall Score: 162-175; Writing and Speaking score: 162 and higher)  CAE (Overall Score: 162-175; Writing and Speaking score: 162 and higher)	Overall 5.5 - 6.0  (Speaking and Writing 5.5 and higher)	Overall 46-78  (Writing score 18 and higher, Speaking score 16 and higher)
«Cambridge English: C1 Advanced» 1-семестр	10	FCE (Overall Score: 176-184; Writing and Speaking score: 162 and higher)  CAE (Overall Score: 176-184; Writing and Speaking score: 162 and higher)	Overall 6.5  (Speaking and Writing 5.5 and higher)	Overall 79-93 (Writing score 18 and higher, Speaking score 16 and higher)
«Cambridge English: C1+ Advanced» 2-семестр	10	CAE (Overall Score: 185 and higher; Writing and Speaking score: 162 and higher)	Overall 7.0 and higher  (Speaking and Writing 5.5 and higher)	Overall 94 and higher (Writing score 18 and higher, Speaking score 16 and higher)

Халықаралық қатынастар БББ-на түсетін және Academic IELTS band Score 6.0 және одан жоғары сертификаты бар не оның баламасы (Academic IELTS, TOEFL IBT, Cambridge FCE/CAE) Writing және Speaking секциялары бойынша IELTS 5.5 болған жағдайда (не олардың баламалары) 100% (А, «өте жақсы», 4,0) баға қойылып, тиісті пәндер (3.1-кесте) есепке алынады:

**3.1- кесте. Халықаралық қатынастар БББ бойынша ағылшын тілі пәндері бойынша қайта есептеу**

Сынақ қойылатын пәннің атауы	Кредит саны	Қайта есептеу үшін негіз		
		FCE/CAE Scores	IELTS Scores	TOEFL Scores
«Cambridge English: B2 First» 1-семестр	10	FCE (Overall Score: 169-175; Writing and Speaking score: 162 and higher)  CAE (Overall Score: 169-175; Writing and Speaking score: 162 and higher)	Overall 6.0  (Speaking and Writing 5.5 and higher)	Overall 60-78  (Writing score 18 and higher, Speaking score 16 and higher)
«Cambridge English: C1 Advanced» 1-семестр	10	FCE (Overall Score: 176-184; Writing and Speaking score: 162 and higher)  CAE (Overall Score: 176-184; Writing and Speaking score: 162 and higher)	Overall 6.5  (Speaking and Writing 5.5 and higher)	Overall 79-93  (Writing score 18 and higher, Speaking score 16 and higher)
«Cambridge English: C1+ Advanced» 2-семестр	10	CAE (Overall Score: 185 and higher; Writing and Speaking score: 162 and higher)	Overall 7.0 and higher  (Speaking and Writing 5.5 and higher)	Overall 94 and higher (Writing score 18 and higher, Speaking score 16 and higher)

**ҰБТ - Математика бейіндік пәнінің балдары бойынша кіру талаптары:**

БББ	Ұпайлар бойынша ұсынылатын кіру талаптары	Өту балын жинамаған жағдайда	Ұсыныс

BBA in Finance	25 ұпай және одан жоғары	25 ұпай және одан жоғары	қабылдау
BBA in Accounting		20-24 ұпай	«математикалық және бейіндік бағыттағы» пәндерді оқу құқығынсыз қабылдау. Студенттер математика бойынша білім деңгейін өз бетінше көтеріп, 2024 жылдың желтоқсанында ішкі тестті қайта тапсыруы керек, шекті балл алған жағдайда оқуын жалғастырады. Ұпайлар жетіспеген жағдайда - 6 айдан кейін қайта тапсырады немесе басқа БББ-ға ауыстырылады. Бірінші семестрде студенттердің бұл санаты «математикалық және бейіндік бағыттағы» ЖББ циклынан 30 кредитке дейін оқи алады.
BBA in Economics and Data Science		19 ұпай және одан төмен	БББ-на қабылдау ұсынылмайды
BBA in IT			
BBA in Management			
BBA in Marketing			

9.2. Академиялық сапа комитетінің шешімі бойынша академиялық кредиттерді қайта есептеу жүргізілуі мүмкін:

– халықаралық бакалавриат және Назарбаев Зияткерлік мектептері бағдарламасының түлектеріне; Foundation бағдарламасын Назарбаев Университетінде, сондай-ақ басқа да шетелдік жоғары оқу орындарында аяқтаған студенттерге. Шетелдік жоғары оқу орындарының Foundation бағдарламасы университет рейтингіне байланысты жеке қаралатын болады.

– оқыту тіліне байланысты ЖББ циклінің пәндері бойынша ұқсас білім беру бағдарламалары бойынша техникалық кәсіптік білімі бар студенттерге;

– бакалавриатта оқу кезеңінде магистратураның білім беру бағдарламасының пәндерін оқыған магистранттарға;

– студенттер немесе магистранттар құрамына қабылдау кезінде университеттің бакалавриат немесе магистратура білім беру бағдарламасының пәндерін меңгерген тыңдаушыларға (non-degree). Кредиттерді қайта есептеуге қойылатын талаптар жоғары мектептердің академиялық каталогтарында жазылады.

**«Халықаралық қатынастар» БББ үшін «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша ҰБТ балдары бойынша кіру талаптары**

Білім беру бағдарламасы	ҰБТ ұпайлары	Ұсыныс
Халықаралық қатынастар	25 ұпай не жоғары	Білім беру бағдарламасына қабылдау
	23 - 24 ұпай	егер талапкер талап етілетін деңгейден төмен ұпай жинаса, қабылдау туралы шешім Жоғары мектептің АСК шешімі негізінде қабылданады



## 10 ТАРАУ. ЖОҒАРЫ ГУМАНИТАРЛЫҚ МЕКТЕПКЕ ТАЛАПКЕРЛЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН РӘСІМІ

10.1. ЖГМ білім беру бағдарламаларына түсетін талапкерлер университеттің қабылдау комиссиясына құжаттар пакетін ұсынуы қажет (5, 6, 7- тарауларында көрсетілген). Бұл ретте ағылшын тілді бөлімшеге қабылдау туралы шешім келесі кестеге сәйкес қабылданады:

БББ	Оқуға түсу үшін IELTS шекті балл	Ағылшын тілінің деңгейі кіру талаптарына сәйкес келмеген жағдайда	Ұсыныс
<i>BA in Translation Studies 4 жыл; BA in Applied Linguistics 4 жыл</i>	5,0	IELTS 4,5 PET 146 and more FCE 146 and more CAE 160 and more Duolingo 65 and more TOEFL 32 and more	Семестр бойы ағылшын тілі бойынша қосымша курстардан өту, IELTS (немесе FCE, DUOLINGO, TOEFL баламасы) қайта тапсыру шартымен БББ-на қабылдау. Студент қажетті балл жинағанға дейін ағылшын тіліндегі бейіндік пәндер мен пәндерге тіркелуге рұқсат етілмейді (пәндерді таңдау эдвайзермен келісім бойынша).
		IELTS 4,0 or less PET 145 or less FCE 145 or less Duolingo 64 or less TOEFL 31 or less	бағдарламаға қабылдамау
<i>BA in Translation Studies 3 жыл; BA in Applied Linguistics 3 жыл</i>	5,5	IELTS 5.0 PET 154 and more FCE 154 and more CAE 160 and more Duolingo 80 and more TOEFL 35 and more	Семестр бойы ағылшын тілі бойынша қосымша курстардан өту, IELTS (немесе FCE, DUOLINGO, TOEFL баламасы) қайта тапсыру шартымен БББ-на қабылдау. Студент қажетті балл жинағанға дейін ағылшын тіліндегі бейіндік пәндер мен пәндерге тіркелуге рұқсат етілмейді (пәндерді таңдау эдвайзермен келісім бойынша).

		IELTS 4,5 PET 153 or less FCE 153 or less Duolingo 79 or less TOEFL 34 or less	бағдарламаға қабылдамау
<b>BSM in Hospitality 4 жыл</b>	5,0	IELTS 4,5 PET 146 and more FCE 146 and more CAE 160 and more Duolingo 65 and more TOEFL 32 and more	Семестр бойы ағылшын тілі бойынша қосымша курстардан өту, IELTS (немесе FCE, DUOLINGO, TOEFL баламасы) қайта тапсыру шартымен БББ-на қабылдау. Студент қажетті балл жинағанға дейін ағылшын тіліндегі бейіндік пәндер мен пәндерге тіркелуге рұқсат етілмейді (пәндерді таңдау эдвайзермен келісім бойынша).
		IELTS 4,0 or less PET 145 or less FCE 145 or less Duolingo 64 or less TOEFL 31 or less	бағдарламаға қабылдамау
<b>BSM in Hospitality 3 жыл</b>	5,5	IELTS 5.0 PET 154 and more FCE 154 and more CAE 160 and more Duolingo 80 and more TOEFL 35 and more	Семестр бойы ағылшын тілі бойынша қосымша курстардан өту, IELTS (немесе FCE, DUOLINGO, TOEFL баламасы) қайта тапсыру шартымен БББ-на қабылдау. Студент қажетті балл жинағанға дейін ағылшын тіліндегі бейіндік пәндер мен пәндерге тіркелуге рұқсат етілмейді (пәндерді таңдау эдвайзермен келісім бойынша).
		IELTS 4,5 PET 153 or less FCE 153 or less Duolingo 79 or less TOEFL 34 or less	бағдарламаға қабылдамау

10.2. Тиісті деңгейдегі Academic IELTS/ TOEFL IBT/ FCE/ CAE/<sup>1</sup> сертификаттары бар талапкерлерге келесі кестелерге сәйкес Writing және Speaking секциялары (не олардың баламалары) бойынша IELTS 5.5 бар болған жағдайда 100% (A; «өте жақсы»; 4,0) баға бере отырып, келесі кестеге сәйкес ағылшын тілі пәні бойынша сынақ қойылады:

<sup>1</sup> Бұл ретте кандидаттар университетке түскенге дейін 3 жылдан кешіктірмей алған FCE/CAE/KET/PET сертификаттары ғана қарауға қабылданады

**10.2.1-кесте «Туризм», «Қонақжайлылық» БББ бойынша ағылшын тілі пәні бойынша есептеу**

Сынақ қойылатын пәннің атауы	Кредит саны	Қайта есептеу үшін негіз		
		FCE/CAE Scores	IELTS Scores	TOEFL Scores
«Cambridge English: B2 First» 1-семестр	10	FCE (Overall Score: 162-175; Writing and Speaking score: 162 and higher)  CAE (Overall Score: 162-175; Writing and Speaking score: 162 and higher)	Overall 5.5 - 6.0  (Speaking and Writing 5.5 and higher)	Overall 46-78  (Writing score 18 and higher, Speaking score 16 and higher)
«Cambridge English: C1 Advanced» 1-семестр	10	FCE (Overall Score: 176-184; Writing and Speaking score: 162 and higher)  CAE (Overall Score: 176-184; Writing and Speaking score: 162 and higher)	Overall 6.5  (Speaking and Writing 5.5 and higher)	Overall 79-93 (Writing score 18 and higher, Speaking score 16 and higher)
«Cambridge English: C1+ Advanced» 2-семестр	10	CAE (Overall Score: 185 and higher; Writing and Speaking score: 162 and higher)	Overall 7.0 and higher  (Speaking and Writing 5.5 and higher)	Overall 94 and higher (Writing score 18 and higher, Speaking score 16 and higher)

**10.2.2- кесте «Психология» БББ бойынша ағылшын тілі пәндерін есептеу**

Сынақ қойылатын пәннің атауы	Кредит саны	Қайта есептеу үшін негіз		
		FCE/CAE Scores	IELTS Scores	TOEFL Scores

«Cambridge English: B2 First» 1-семестр	5	FCE (Overall Score: 162-175; Writing and Speaking score: 162 and higher)  CAE (Overall Score: 162-175; Writing and Speaking score: 162 and higher)	Overall 5.5 - 6.0 (Speaking and Writing 5.5 and higher)	Overall 46-78 (Writing score 18 and higher, Speaking score 16 and higher)
«Cambridge English: C1 Advanced» 1-семестр	5	FCE (Overall Score: 176-184; Writing and Speaking score: 162 and higher)  CAE (Overall Score: 176-184; Writing and Speaking score: 162 and higher)	Overall 6.5 (Speaking and Writing 5.5 and higher)	Overall 79-93 (Writing score 18 and higher, Speaking score 16 and higher)
«Cambridge English: C1+ Advanced» 2-семестр	5	CAE (Overall Score: 185 and higher; Writing and Speaking score: 162 and higher)	Overall 7.0 and higher (Speaking and Writing 5.5 and higher)	Overall 94 and higher (Writing score 18 and higher, Speaking score 16 and higher)

**10.2.4- кесте «Қолданбалы лингвистика»/«Аударма ісі» БББ бойынша ағылшын тілі пәндерін есептеу**

Сынақ қойылатын пәннің атауы	Кредит саны	Қайта есептеу үшін негіз		
		FCE/CAE Scores	IELTS Scores	TOEFL Scores
Негізгі шет тілі B1 1-семестр	10	CAE (Overall Score: 185-199; Writing and Speaking score: 162 and higher)	Overall 7.0-7.6 (Speaking and Writing 5.5 and higher)	Overall 94-109 (Writing score 18 and higher, Speaking score 16 and higher)

Негізгі шет тілі B2  2-семестр	10	CAE (Overall Score: 200 and higher; Writing and Speaking score: 162 and higher)	Overall 8.0  (Speaking and Writing 5.5 and higher)	Overall 110 and higher (Writing score 18 and higher, Speaking score 16 and higher)
---	----	---	--	--

10.3. Академиялық сапа комитетінің шешімі бойынша академиялық кредиттерді қайта есептеу жүргізілуі мүмкін:

- халықаралық бакалавриат және Назарбаев Зияткерлік мектептері бағдарламасының түлектеріне;
- ұқсас білім беру бағдарламалары бойынша техникалық кәсіптік білімі бар студенттерге;
- алдыңғы оқу деңгейлерінде және басқа да ресми білім беру ұйымдарында алған оқу нәтижелері мен оң бағалары бар студенттерге;
- студенттер немесе магистранттар құрамына қабылдау кезінде бакалавриат немесе магистратура білім беру бағдарламасының пәндерін меңгерген тыңдаушыларға (non-degree).

Кредиттерді қайта есептеуге қойылатын талаптар жоғары мектептердің академиялық каталогтарында жазылады.

**10.4. Орта кәсіптік білім беру базасында қысқартылған оқу мерзімімен күндізгі оқу нысанына түсуге қойылатын талаптар:**

10.4.1. «Қолданбалы лингвистика», «Аударма ісі», «Психология», «Туризм», «Қонақжайлылық» білім беру бағдарламалары бойынша қысқартылған оқу мерзімімен күндізгі оқу нысанына орта кәсіптік білім базасында талапкерлер қабылданады (оқу мерзімі 3 жыл).

10.4.2. Білім беру грантына түсу үшін талапкер ҰБТ нәтижелері бойынша (50 балдан төмен емес), оның ішінде жалпы бейінді және арнайы пәндер бойынша (пәндердің әрқайсысы бойынша) кемінде 5 балл жинауы қажет;

10.4.3. Орта кәсіптік білім туралы дипломда көрсетілген біліктілік таңдаған білім беру бағдарламаларының тобына ұқсас болған жағдайда (12-қосымша), талапкер жоғары мектеп оқуға түсушілерді қабылдау жөніндегі комиссия мүшелерімен сұхбат негізінде ақылы бөлімшеге қабылданады. Жоғары мектептің оқуға түсушілерді қабылдау жөніндегі комиссиясы 25 тамызға дейінгі мерзімде оқуға қабылдау туралы шешім қабылдайды және оны қабылдау комиссиясына ұсынады.

10.4.4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар тұлғалар 6.1.3-тармақта көрсетілген құжаттардың бірін қосымша тапсырады.

10.5. Қабылдау рәсімі мен шарттарын, қажетті құжаттар тізбесін қоса алғанда, **талапкерлерді қос дипломды/бірлескен бағдарламаларға қабылдау тәртібі** серіктес ЖОО-мен екіжақты шартта және осы шартқа қосымшаларда айқындалады.

## **11 ТАРАУ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА МЕКТЕБІНЕ ТАЛАПКЕРЛЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН РӘСІМІ**

11.1. ХЖМ білім беру бағдарламаларына түсетін талапкерлерге университеттің қабылдау комиссиясына құжаттар пакетін ұсыну қажет (5, 6, 7- тарауларында көрсетілген). Бұл ретте ағылшын тілді бөлімшеге қабылдау туралы шешім келесі кестеге сәйкес қабылданады:

11.2. Халықаралық журналистика мектебінің білім беру бағдарламаларына түсетін және Academic IELTS band Score 5.5 және одан жоғары сертификаты бар не оның TOEFL IBT, FCE/CAE баламасы бар талапкерге Writing және Speaking секциялары бойынша (олардың баламалары) IELTS 5.5 болған жағдайда 100% (A, «өте жақсы», 4,0) баға қойылып, тиісті пәндер келесі кестеге сәйкес есепке алынады:

**11.2.1- кесте. «Халықаралық журналистика» БББ бойынша ағылшын тілі пәндерін есепке алу**

Сынақ қойылатын пәннің атауы	Кредит саны	Қайта есептеу үшін негіз		
		FCE/CAE Scores	IELTS Scores	TOEFL Scores
English General (B1) 1-семестр	10	FCE (Overall Score: 162-184; Writing and Speaking score: 162 and higher)  CAE (Overall Score: 162-184; Writing and Speaking score: 162 and higher)	Overall 5.5 and above  (Speaking and Writing 5.5 and higher)	Overall 46 and above  (Writing score 18 and higher, Speaking score 16 and higher)

**11.3 Орта кәсіптік білім беру базасында қысқартылған оқу мерзімімен күндізгі оқу нысанына түсуге қойылатын талаптар:**

11.3.1. Білім беру грантына түсу үшін талапкер ҰБТ нәтижелері бойынша (50 балдан төмен емес), оның ішінде жалпы бейінді және арнайы пәндер оқу сауаттылығы және Қазақстан тарихы бойынша кемінде 3 және 5 балл жинауы қажет;

11.3.2. Орта кәсіптік білім туралы дипломда көрсетілген біліктілік таңдаған білім беру бағдарламаларының тобына ұқсас болған жағдайда (12-қосымша), талапкер жоғары мектеп оқуға түсушілерді қабылдау жөніндегі комиссия мүшелерімен сұхбат негізінде ақылы бөлімшеге қабылданады. Жоғары мектептің оқуға түсушілерді қабылдау жөніндегі комиссиясы 25 тамызға дейінгі мерзімде оқуға қабылдау туралы шешім қабылдайды және оны қабылдау комиссиясына ұсынады.

11.3.3. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар тұлғалар 6.1.3-тармақта көрсетілген құжаттардың бірін қосымша тапсырады.

**11.4. «Халықаралық журналистика» даярлау бағытына түсу үшін шығармашылық емтихандар өткізу тәртібі**

11.4.1. Аталған білім беру бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау шығармашылық емтихандардың нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады. Шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу үшін емтихандарды өткізу кезеңіне емтихан комиссиясы құрылады.

11.4.2. Көрсетілген білім беру бағдарламасы бойынша шығармашылық емтихандарды тапсыру үшін түсетін тұлғалар қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды ұсынады:

- жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжат (түпнұсқа);
- өлшемі 3x4 см 2 сурет;
- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- ҰБТ сертификаты (бар болса);

11.4.3. Шығармашылық емтихан тапсыру үшін талапкерлерден өтініштерді қабылдау 2024 жылғы 20 маусымнан 10 тамызға дейін жүзеге асырылады. Шығармашылық емтихан 2024 жылдың 7 шілдесінен 15 тамызына дейін өткізіледі. Мемлекеттік білім беру грантын беруге арналған шығармашылық емтиханды тапсыру күндері 9 шілдеден 12 шілдеге дейін жалғасады. Ақылы бөлімшеге түсушілер үшін тапсыру күні 12 тамыздан 15 тамызға дейін жалғасады.

11.4.4. Шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны 1-қосымшаға сәйкес белгіленеді. Шығармашылық емтихандарды өткізу бағдарламаларын ХЖМ әзірлейді және ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

11.4.5. Талапкерлер өздері таңдаған ЖОО-да шығармашылық емтихан тапсырады.

11.4.6. Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар үшін Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқыту тілі) бойынша баллдар ескеріледі).

11.4.7. Шығармашылық емтихандардың кестесін (емтихан өткізу нысаны, өткізілетін күні, уақыты мен орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттарды қабылдау басталғанға дейін түсушілердің назарына жеткізіледі.

11.4.8. Шығармашылық емтихандарды өткізу аудиториясына (үй-жайына) түсушіні жіберу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады. Бұл ретте шығармашылық емтихандар бейне және (немесе) аудиожазбамен жабдықталған аудиторияларда (үй-жайларда) өткізіледі.

11.4.9. Шығармашылық емтихандар басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалы беріледі және титулдық парақтарды ресімдеуге ұсынылатын тәртіп түсіндіріледі, сондай-ақ шығармашылық емтихандардың басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны және апелляцияға өтініш беру рәсімі көрсетіледі.

11.4.10. Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар оқуға түсушілерге арналған шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

11.4.11. Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары бағалау ведомостімен, комиссия хаттамасымен еркін нысанда ресімделеді және нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына Комиссия төрағасы және оған қатысып отырған барлық мүшелер қол қояды.

11.4.12. Шығармашылық емтихандардың нәтижелері емтихан өткізілетін күні жарияланады.

11.4.13. Емтихандарды өткізу кезеңінде шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыратын тұлғалардың құқықтарын қорғау мақсатында ЖЖОКБҰ басшысының бұйрығымен құрамы оның төрағасын қоса алғанда, мүшелердің тақ санынан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

11.4.14. Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына арнаулы немесе шығармашылық емтихан тапсырушы жеке өзі тапсырып, арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарайды.

11.4.15. Егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса апелляциялық комиссияның шешімі заңды деп есептеледі. Арнайы немесе шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім қатысып отырған Комиссия мүшелері санының көпшілік даусымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған кезде төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және Комиссияның барлық қатысып отырған мүшелері қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

11.4.16. Шығармашылық емтихан аяқталған күні қабылдау комиссиясының қызметкерлері республикалық бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу және (немесе) ЖЖОКБҰ-ға ақылы оқуға қабылдау үшін оқуға түсушілердің шығармашылық емтиханының нәтижелерін Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесіне береді.

11.4.17. Жоғары білімнің шығармашылық білім беру бағдарламаларының топтары бойынша **білім беру грантының иегерлері шығармашылық емтихан тапсырған ЖЖОКБҰ-ға қабылданады.**

## **12 ТАРАУ. МАГИСТРАТУРАҒА ЖӘНЕ ДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ҚАҒИДАЛАРЫ**

12.1. Талапкерлерге қойылатын талаптар:

12.1.1. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес (білім министрінің бұйрығы) магистратураға күнтізбелік жылдың 1 маусымынан 8 шілдесіне дейін және 28 қазанынан 10 қарашасына дейін түсетін өтініштерді қабылдайды.

Докторантураға өтініштерді қабылдау күнтізбелік жылдың 3 шілдесінен 3 тамызына дейін және 25 қазаннан 10 қарашасына дейін жалғасады. Докторантураға білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтихандары күнтізбелік жылдың 4 тамызынан 20 тамызына дейін және 19 қарашасынан 11 желтоқсанына дейін өткізіледі.

Магистратураға және докторантураға қабылдау - күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін және 26 желтоқсаннан 10 қаңтарына дейін (қысқы қабылдау) өткізіледі.

КТ-ға қатысу үшін ЖОО-ға магистратураға түсетін өтініштерді қабылдау ҚР ҒЖБМ ҰТО сайты арқылы жүзеге асырылады.

КТ-ға қатысу үшін ЖОО-ға докторантураға түсетін өтініштерді қабылдау ҚР ҒЖБМ ҰТО сайты арқылы жүзеге асырылады.

12.1.2. КТ күнтізбелік жылдың 20 шілдесінен 10 тамызына дейін және 18 қарашасынан 11 желтоқсанына дейін №600 бұйрықтың № 2 қосымшасына және



университет саясатына сәйкес өткізіледі. Магистратура бағдарламасына, үміткердің мамандығы таңдалған бағдарламаға сәйкес келмеген немесе ұқсас болмаған жағдайда, көлемі кемінде 240 ECTS (European Credit Transfer and Accumulation System) жоғары білімнің тиісті не ұқсас, кәсіптік оқу бағдарламасын меңгерген тұлғалар қабылданады, таңдалған бағдарлама бойынша кемінде 3 жыл еңбек өтілінің болуы міндетті болып табылады. Пәнаралық бағдарламалар біріңғай жағдай болып есептеледі.

12.1.3. Ғылыми-педагогикалық магистратураға түсетін тұлғалар шет тілі бойынша тестті (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз), білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тестті, таңдау бойынша қазақ немесе орыс тілінде оқуға дайындығын анықтауға арналған тестті қамтитын КТ тапсырады. Бейіндік магистратураға түсетін тұлғалар таңдау бойынша білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тестті қамтитын КТ-ны қазақ немесе орыс тілінде тапсырады.

12.1.4. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша және ақылы негізде ғылыми-педагогикалық магистратураға түсу үшін өту балы 75 балл, бейіндік магистратураға түсу үшін - 30 балды құрайды.

12.1.5. Ағылшын тілінде оқытатын магистратураға түсетін тұлғалар ағылшын тілінде білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тестті және қазақ немесе орыс немесе ағылшын тілінде таңдау бойынша оқуға дайындығын анықтауға арналған тестті қамтитын КТ тапсырады.

КТ-ны Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі (бұдан әрі - ФЖБМ) айқындайтын КТ өткізу пункттерінде өткізеді.

КТ нәтижелері бойынша сертификат беріледі. КТ-ны түсу жылында тапсыруға рұқсат етілмейді. КТ өткізу білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

12.1.5. Шетелдік білім беру ұйымдарында білім туралы құжаттарды алған тұлғалар жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының 5-тармағына сәйкес алған білім деңгейі мен даярлық бейініне сәйкес магистратура мен докторантураға түсу үшін білім туралы құжаттарды тану немесе нострификациялау рәсімінен өтуі және қабылдау комиссиясына нострификациялауды растайтын куәлікті ұсынуы қажет. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар халықаралық шарттарға (келісімдерге) сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында танылады. Шет тіліндегі құжаттар нотариат куәландырған қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасымен ұсынылады.

12.1.6. «Әлеуметтік ғылымдар», «Бизнес және басқару» кадрларды даярлау бағыттары бойынша магистратураға түсетін тұлғалар білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес балдары бар GRE стандартталған Graduate Record Examinations (грэдуейт рекорд экзаменейшн) тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты болған кезде жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын ағылшын тілінде оқытатын магистратураға КТ-дан босатылады.

12.1.7. Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізіліміне, тиісті салалардағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізіліміне сәйкес басшы лауазымында кемінде бес жыл өтілі бар немесе бейінді магистратураның білім беру бағдарламасының тиісті бейіні бойынша кемінде он жыл өтілі бар тұлғалар университеттің қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша ақылы негізде қабылданады.

## 12.2. Құжаттар тізімі

12.2.1 Магистратураға түсуші тұлғалар ЖОО-ға келесі құжаттарды тапсырады:

- жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа, қабылдау комиссиясына құжаттарды тапсырған кезде);
- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3x4 өлшемді 6 фотосурет (онлайн және түпнұсқа);
- 075-У нысанындағы медициналық анықтама (түпнұсқа);
- флюорография (түпнұсқа);
- кешенді тестілеуді тапсыру туралы сертификаттың көшірмесі;
- біржолғы жарнаны төлеу туралы түбіртек.

## 12.3. Шет тілі бойынша кіру талаптары

12.3.1. Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттардың бірі бар тұлғалар шет тілі бойынша тесттен КТ келесі тілдер бойынша магистратураға босатылады:

### Ағылшын тілі:

- IELTS (АЙЛТС)/International English Language Tests System (ИнтернационалИнглишЛангуджТестсСистем), шекті балл - 6,0 кем емес;
- - Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстительюшнал Тестинг програм) Internet-based Test (Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АйБИИТи), шекті балл - 60 кем емес;
- Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (дойче щпрахпрю фун фюр дейн хохшулцуган) (DSH, Niveau B2/ B2 деңгейі), TestDaF-Prufung (тестдаф-пруфун) (NiveauB2/ B2 деңгейі);

### Француз тілі:

- Test de Francais International™ - Тест де франсэ Интернациональ (TFI (ТФИ) - оқу және тыңдау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес), Diplome d'Etudes en Langue francaise
- Диплом дэтюд ан Ланг франсээ (DELF (ДЭЛФ), B2 деңгейінен төмен емес), Diplome Approfondi de Langue francaise - Диплом Аппрофонди де Ланг Франсээ (DALF (ДАЛФ), B2 деңгейінен төмен емес), Test de connaissance du francais - Тест де коннэссанс дю франсэ (TCF (ТCF) - B2 деңгейінен төмен емес).

## 12.4. Халықаралық экономика мектебінің магистратура бағдарламаларына түсушілерге қойылатын талаптар.

12.4.1. Ағылшын тілінде оқытатын магистратураға түсетін тұлғалар ағылшын тілінде білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тестті және қазақ немесе орыс немесе ағылшын тілінде таңдау бойынша оқуға дайындығын анықтауға арналған тестті қамтитын КТ тапсырады.

12.4.2. Оқуға дайындықты анықтау тесті сыни тұрғыдан ойлау тестін (қарапайым математика, ақпараттың әртүрлі формаларын түсіндіру) және аналитикалық ойлауды (академиялық және ғылыми-танымал мәтіндерді талдау, жасырын заңдылықтарды, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау), сондай-ақ мамандық пәндері бойынша тестті қамтиды.

Ұқсас емес мамандық бойынша магистратураға түсетін және түсу емтихандарынан сәтті өткен тұлғаларға ХЭМ академиялық каталогында көрсетілген талаптарға сәйкес бағдарламалардың пререквизиттерін игеру ұсынылды. Академиялық сапа комитетінің шешімі бойынша академиялық кредиттерді жеке негізде қайта есептеу жүргізілуі мүмкін:

- GARP кәсіби сертификаттарының иегерлеріне (FRMI, FRMII, FRMholder), CFA (бірінші деңгейлі CFA, CFA candidate II, CFA candidate III, CFA holder иегерлеріне)
- бакалавриатта оқу кезеңінде магистратураның білім беру бағдарламасының пәндерін оқыған магистранттарға:
  - CFA Institute (CFA University Affiliation Partner мәртебесі) мойындаған «Қаржы» бакалавриат бағдарламасы бойынша оқитын магистранттар пәндерді оқыту нәтижелері сәйкес келген кезде «Қаржы» магистратура бағдарламасына түскен кезде пәндерді 15 кредитке дейін қайта есептеуге үміткер бола алады
  - бакалавриат бағдарламасы бойынша ағылшын тілінде оқитын магистранттар пәндерді оқыту нәтижелері сәйкес келген кезде «Экономика» магистратура бағдарламасына түсу кезінде пәндерді қайта тапсыруға үміткер бола алады
  - non-degree студенттеріне қатысты академиялық саясатқа сәйкес студенттер немесе магистранттар құрамына қабылдау кезінде бакалавриат немесе магистратураның білім беру бағдарламасының пәндерін меңгерген тыңдаушыларға (non-degree).

## **12.5. ҚЖМ магистратура бағдарламаларына түсушілерге қойылатын талаптар**

12.5.1. Магистратураға түсуші тұлғалар шет тілі бойынша тестті (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз), білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тестті, таңдау бойынша қазақ немесе орыс тілінде оқуға дайындығын анықтауға арналған тестті қамтитын КТ тапсырады.

12.5.2. Ағылшын тілінде оқытатын магистратураға түсетін тұлғалар ағылшын тілінде білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тестті және қазақ немесе орыс немесе ағылшын тілінде таңдау бойынша оқуға дайындығын анықтауға арналған тестті қамтитын КТ тапсырады.

International Business Law - Double Diploma Program with Vytautas Magnus University (Lithuania), Law Of International Trade, Finance and Economic Integration - Double Diploma Program with Higher School Of Economics (Moscow), LLM in International Economic Law - Double Diploma program with Halle-Wittenberg University (Germany) бағдарламаларына тіркелудің міндетті шарты ішкі сұхбаттан өту болып табылады.

12.5.3. Оқуға дайындықты анықтау тесті сыни тұрғыдан ойлау тестін (қарапайым математика, ақпараттың әртүрлі формаларын түсіндіру) және аналитикалық ойлауды (академиялық және ғылыми-танымал мәтіндерді талдау, жасырын заңдылықтарды, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау), сондай-ақ мамандық пәндері бойынша тестті қамтиды.

12.5.4. Ұқсас емес мамандық бойынша магистратураға түсетін және түсу емтихандарынан сәтті өткен тұлғалар ҚЖМ бағдарламаларының талаптарына сәйкес пререквизиттерді меңгеруі тиіс.

## **12.5.5. ЖГМ магистратура бағдарламаларына түсушілерге қойылатын талаптар**

12.5.6. Ағылшын тілінде оқытатын магистратураға түсушілері ағылшын тілінде білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тестті және таңдау бойынша қазақ немесе орыс немесе ағылшын тілінде оқуға дайындығын анықтауға арналған тестті қамтитын КТ тапсырады.

12.5.7. Оқуға дайындықты анықтау тесті сыни тұрғыдан ойлау тестін (қарапайым математика, ақпараттың әртүрлі формаларын түсіндіру) және аналитикалық ойлауды (академиялық және ғылыми - танымал мәтіндерді талдау, жасырын заңдылықтарды, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау), сондай-ақ мамандық пәндері бойынша тестті қамтиды.

12.5.8. Ұқсас емес мамандық бойынша магистратураға түсетін және түсу емтихандарынан сәтті өткен тұлғаларға кестеде көрсетілген талаптарға сәйкес бағдарламалардың пререквизиттерін меңгеру ұсынылады:

Білім беру бағдарламасы	1-ші пән	ECTS саны	2-ші пән	ECTS саны
Аударма ісі	Аударма теориясы	3	Зерттелетін тіл теориясының негіздері	3
Қолданбалы лингвистика	Теориялық грамматика	3	Ағылшын тілінің тарихы	3
Консультациялық психология	Жалпы психология	3	Тұлға және жеке айырмашылықтар психологиясы	3

Академиялық сапа комитетінің шешімі бойынша академиялық кредиттерді қайта есептеу жүргізілуі мүмкін:

- бакалавриатта оқу кезеңінде магистратураның білім беру бағдарламасының пәндерін оқыған магистранттарға;
- студенттердің немесе магистранттардың құрамына қабылдау кезінде магистратураның білім беру бағдарламасының пәндерін меңгерген тыңдаушыларға (non-degree), бірақ оқу жылы үшін 40 кредиттен аспауы қажет.

## 12.6. Докторантура

12.6.1. Докторантура бағдарламасына «Магистр» дәрежесі бар және кемінде 1 (бір) жыл жұмыс өтілі бар, көлемі кемінде 120 ECTS болатын жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің тиісті не онымен байланысты кәсіптік оқу бағдарламасын меңгерген тұлғалар қабылданады.

12.6.2. Докторантура бағдарламаларына түсетін талапкерлер қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды ұсынуы тиіс:

- болжамды отандық немесе шетелдік ғылыми кеңесшімен келісілген жоспарланған диссертациялық зерттеудің негіздемесі;
- жеке куәліктің көшірмесі;
- білім туралы құжат (түпнұсқа);

- шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат;
- ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (олар болған жағдайда);
- 3x4 өлшемді 6 фотосурет (түпнұсқа және онлайн);
- 075-У нысанындағы медициналық анықтама (түпнұсқа);
- флюорография (түпнұсқа);
- кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақ және еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін);
- біржолғы жарнаны төлеу туралы түбіртек.

12.6.3. Шетелдік білім беру ұйымдарында білім туралы құжаттарды алған тұлғалар жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының 9-1-тармағына сәйкес алған білім деңгейі мен даярлық бейініне сәйкес магистратура мен докторантураға түсу үшін білім туралы құжаттарды тану немесе нострификациялау рәсімінен өтуі және білім туралы құжаттарды нострификациялау рәсімінен өтуі қажет және қабылдау комиссиясы білім туралы құжаттарды тану/нострификациялау туралы куәлікті ұсынуы керек.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар халықаралық шарттарға (келісімдерге) сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында танылады.

12.6.4. Докторантураға түсушілер шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынады:

**ағылшын тілі:**

- IELTS (АЙЛТС)/International English Language Tests System (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем) шекті балл – кемінде 5,0;
- Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстительюшнал Тестинг программ) (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АйТиПи),) шекті балл – кемінде 417 балл;

*TOEFL IBT (test of English as a Foreign language Institutional Testing Program) сертификаты бар тұлғалар докторантураға түсу емтиханы басталғанға дейін ағылшын тілі бойынша қосымша тестілеуден өтеді.*

*Ағылшын тілі бойынша қосымша тестілеудің тест тапсырмаларының саны 100 сұрақты құрайды. Ең көп ұпай саны-100 ұпай.*

*Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеу «өткізу» немесе «өткізбеу» нысанында бағаланады. «Өткізу» бағасын алу үшін кемінде 75 балл жинау қажет.*

*Ағылшын тілін білуге қосымша тестілеуді білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда ҰТО жүргізеді.*

*Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді тапсыру күні, уақыты және орны оқуға түсушілердің назарына олардың жеке кабинетінде көрсетіледі.*

Ағылшын тілі:

- Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг програм) Internet-based Test (Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АйБИиТи), шекті балл – кемінде 35;
- Test of English for International Communication (Тест ов Инглиш фо Интернейшнал комуникэйшн), шекті балл – кемінде 550;
- Duolingo English Test (Дуолинго Инглиш Тест), шекті балл - кемінде 80;

**неміс тілі:**

- Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (дойче шпрахпрюфун фюр дейн хохшулцуган) (DSH, NiveauB1/ B1 деңгейі), TestDaF-Pruefung (тестдаф-прюфун) (Niveau B1/ B1 деңгейі);

**француз тілі:**

- Test de Francais International™ – Тест де франсэ Интернациональ (TFI (ТФИ) – оқу және тыңдау секциялары бойынша B1 деңгейінен төмен емес), Diplome d’Etudes enLangue francaise - Диплом дэтюд ан Ланг франсэз (DELF (ДЭЛФ), деңгейі B1), DiplomeApprofondi de Langue francaise - Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз (DALF (ДАЛФ), B1 деңгейі), Test de connaissance du francais – Тест де коннэссанс дю франсэ (TCF(ТCF) –B1 төмен емес).

### **12.7. Докторантура бағдарламаларына іріктеу рәсімі.**

Талапкерлер бірінші кезекте университет базасында онлайн форматта сұхбаттасудан өтеді.

Докторантураға түсу емтиханы компьютерлік форматта өткізіледі.

Докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша компьютерлік форматта түсу емтиханы білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда өткізіледі. Компьютерлік форматтағы докторантураға түсу емтиханы мыналардан тұрады:

- 1) эссе жазу;
- 2) докторантурада оқу дайындығына арналған тест;
- 3) білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар.

Қорытынды баға эссені бағалау нәтижелерін, докторантурада оқуға дайындық тестін, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауап беру арқылы алынған баллдар жиынтығы болып табылады

ҚР азаматтарының докторантура бағдарламаларында оқуы тегін негізде немесе ақылы негізде (азаматтардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен) мүмкін болады.

12.8.1. Тұлғаларды докторантураға қабылдау шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат негізінде және докторантураның білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша түсу емтиханының қорытындысы бойынша және ықтимал 100 балдан кемінде 75 балл жинаған халықаралық сертификат негізінде жүзеге асырылады.

12.8.2. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша докторантурада оқуға түсу емтиханы бойынша кемінде 75 балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады.

Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда таңдалған мамандық бейініне сәйкес келетін ғылыми жетістіктер ескеріледі: ғылыми жарияланымдар, оның ішінде рейтингтік ғылыми басылымдарда; ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендиялар, гранттар беру туралы сертификаттар; ғылыми конференциялар мен конкурстарға қатысқаны үшін грамоталар / дипломдар, мамандық бойынша еңбек тәжірибесі.

### **12.9. Шетел азаматтарын магистратура мен докторантураға қабылдау**

Шетел азаматтарын магистратураға, докторантураға қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Шетел азаматтарының мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде жоғары оқу орнынан кейінгі тегін білім алуы магистратура бағдарламалары бойынша стипендиялық бағдарламаны қоспағанда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында айқындалады.

Шетелдік азаматтарды ақылы негізде ЖЖОКБҰ-ға немесе ғылыми ұйымдарға оқуға қабылдау ЖЖОКБҰ-ның немесе ғылыми ұйымдардың қабылдау комиссиялары өткізетін сұхбат нәтижелері бойынша күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады. Шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

12.9.1. Шетелдік азаматтар үшін қабылдау емтихандарына мыналар кіреді:

- Сұхбаттасу.

### **12.9.2. Университеттің магистратура немесе докторантура бағдарламаларына түсуші шетелдік студенттер келесі құжаттарды қоса тапсыруы керек:**

- бакалавриат немесе магистратура бағдарламасының аяқталуы туралы қосымшасы бар диплом (түпнұсқа);
- өлшемі 3x4 см болатын 6 сурет;
- 075-У нысанындағы медициналық анықтама (түпнұсқа);
- Флюорография түсірілімі (түпнұсқа);
- шет тілін білу деңгейін растайтын сертификат (бар болса);
- білім беру грантын беру туралы куәлік (бар болса);
- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (өзімен бірге құжаттардың түпнұсқалары болуы қажет);
- соттылығының жоқтығы туралы анықтама;
- шет тілінде ұсынылатын құжаттардың қазақ немесе орыс тілдеріндегі нотариалды куәландырылған аудармасы болуы тиіс;
- кіру жарнасын төлеу туралы түбіртек.

*Шетелдік білім беру ұйымдарында білім туралы құжаттарды алған тұлғалар жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының 5-тармағына сәйкес алған білім деңгейі мен даярлық бейініне сәйкес магистратура мен докторантураға түсу үшін білім туралы құжаттарды тану немесе нострификациялау рәсімінен өтуі керек және білім туралы құжаттарды тану/нострификациялау туралы куәлікті қабылдау комиссиясына ұсынуы қажет.*

*Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар халықаралық шарттарға (келісімдерге) сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында танылады.*

*Шет тіліндегі құжаттар нотариат куәландырған қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасымен ұсынылады.*

Электрондық нұсқада көрсетілген тізбе бойынша құжаттар қабылдау комиссиясының поштасына admission@mnu.kz **2024 жылғы 25 шілдеге дейін** қарауға жіберілуі тиіс.

12.9.3. Визалық қолдау және шартқа қол қою.

Визасыз режимі бар елдерден білім алушыларды тіркеуді ҚҚБ қызметкерлері жүзеге асырады. Шақыруды ресімдеуді, визалық қолдауды, визалық режимі бар елдерден білім алушыларды тіркеуді халықаралық ынтымақтастық бөлімінің менеджерлері жүзеге асырады.

Қабылдау комиссиясының менеджері студентке пошта арқылы университеттің ресми шақыру хатын және өз еліндегі Қазақстан Елшілігінде визаға өтініш беру үшін визалық қолдау нөмірін жібереді.

Талапкер Қазақстанда болмаған кезде өз елінде шартқа қол қоюға және қол қойылған шартты одан әрі рәсімдеу үшін қабылдау комиссиясына пошта арқылы жіберуге рұқсат етіледі (бұл ретте пошта қызметтеріне арналған шығындарды талапкерлер жабады). Сондай ақ келісімшартқа онлайн қол қою мүмкіндігі бар.

Виза алғаннан кейін талапкер елге 2024 жылдың 24 тамызынан кешіктірмей келіп, 1 семестр үшін оқу ақысын төлеуі керек. Бұл ретте талапкер келгенге дейін қабылдау комиссиясының менеджеріне паспорттағы билет пен визаның сканерленген нұсқасын жіберуі тиіс. Талапкер елге келген күні (немесе келесі күні) ҚҚБ/ХЫБ және көші-қон қызметінің журналында тіркелуі тиіс.

12.9.4. Жатақхана. Талапкер Platonus электронды ақпараттық оқыту жүйесі арқылы немесе қабылдау комиссиясының менеджері арқылы жатақханаға орналасуға өтініш береді.

### **13 ТАРАУ. ШЕТЕЛДІК АЗАМАТТАР ҮШІН БАКАЛАВРИАТ БАҒДАРЛАМАСЫНА УНИВЕРСИТЕТКЕ ТҮСУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

13.1. Шетелдік азаматтарды білім беру бағдарламаларына қабылдау талапкердің өтініші негізінде және университеттің қабылдау комиссиясы өткізетін түсу емтихандарының нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

*Сұхбат өткенге дейін:*

- төлқұжаттың көшірмесі;
- жалпы орта, техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі) немесе жоғары білім туралы құжаттың түпнұсқасы (қосымшасы бар аттестат / диплом);

- шет тілінде ұсынылатын құжаттардың қазақ немесе орыс тілдеріндегі нотариалды куәландырылған аудармасы болуы тиіс. Егер талапкер 18 жасқа толмаған болса, туу туралы куәліктің түпнұсқасын ұсына отырып, туу туралы куәліктің көшірмесін және ата-анасының біреуінің міндетті түрде болуы қажет;

- соттылықтың жоқтығы туралы анықтама.

*Сұхбаттасудан кейін:*

- 3x4 өлшемді 6 фотосурет;



- 075-У нысанындағы медициналық анықтама (түпнұсқа);
- Флюорография түсірілімі (түпнұсқа);
- комиссия шешімінің хаттамасы;
- мотивациялық хат;
- ағылшын тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат;
- біржолғы жарнаны төлеу туралы түбіртек.

13.2. Талапкер құжаттардың көшірмелерін қабылдау комиссиясының электрондық поштасына [admission@mnu.kz](mailto:admission@mnu.kz) жіберу арқылы онлайн түрде ұсына алады. Бұл ретте талапкер қабылдау комиссиясына қабылдау кезінде құжаттардың түпнұсқаларын ұсынуға міндеттенеді.

13.3. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар оқудың бірінші семестрі ішінде тұлғаларды қабылдағаннан кейін заңнамада белгіленген тәртіппен тану (нострификациялау) рәсімінен өтеді.

Шет тілінде ұсынылатын құжаттардың қазақ немесе орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармасы болуы тиіс.

13.4. Құжаттарды тапсыру мерзімі:

- визалық режимі бар азаматтар үшін 2024 жылғы 1 тамызға дейін;
- визасыз режимі бар азаматтар үшін 2024 жылғы 15 тамызға дейін.

### **13.5. Шетелдік талапкерлермен сұхбаттасу.**

Талапкерлермен сұхбатты жоғары мектептердің оқуға түсушілерді қабылдау жөніндегі комиссиялары жүргізеді. Үш күн ішінде талапкер сұхбаттасу нәтижелері туралы хабарлама алады (сайттағы тізімде, жеке электрондық пошта арқылы).

Талапкер комиссия шешімі туралы растауды, виза алу үшін нұсқаулықты, Platonus ААЖ логинін және медициналық сақтандыру туралы ақпаратты алады.

### **13.6. Визалық қолдау және шартқа қол қою.**

Визасыз режимі бар елдерден білім алушыларды тіркеуді ҚҚБ қызметкерлері жүзеге асырады. Шақыруды ресімдеуді, визалық қолдауды, визалық режимі бар елдерден білім алушыларды тіркеуді халықаралық ынтымақтастық бөлімінің менеджерлері жүзеге асырады.

Қабылдау комиссиясының менеджері студентке пошта арқылы университеттің ресми шақыру хатын және өз еліндегі Қазақстан Елшілігінде визаға өтініш беру үшін визалық қолдау нөмірін жібереді.

Талапкер Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде болған кезде өз елінде шартқа қол қою және қол қойылған шартты одан әрі рәсімдеу үшін қабылдау комиссиясына пошта арқылы жіберу мүмкіндігіне жол беріледі (бұл ретте, пошта қызметтеріне арналған шығындарды талапкерлер жабады).

Виза алғаннан кейін талапкер елге 2024 жылдың 20 тамызынан кешіктірмей келіп, 1 семестр үшін оқу ақысын төлеуі керек. Бұл ретте талапкер келгенге дейін қабылдау комиссиясының менеджеріне паспорттағы билет пен визаның сканерленген нұсқасын жіберуі тиіс. Талапкер елге келген күні (немесе келесі күні) ҚҚБ/ХЫБ және көші-қон қызметінің журналында тіркелуі тиіс.

### **13.7. Жатақхана.**

Талапкер Platonus электрондық ақпараттық оқыту жүйесі арқылы немесе қабылдау комиссиясының менеджері арқылы жатақханаға орналасуға өтініш береді.

### 13.8. ХЭМ математика пәні бойынша қойылатын талаптар

Білім беру бағдарламаларына шетелдік талапкерлердің түсуі үшін 6B04111- Бухгалтерлік есеп саласындағы іскерлік әкімшілендіру, 6B04114- Қаржы саласындағы іскерлік әкімшілендіру, 6B04112-Экономика және деректер ғылымы саласындағы іскерлік әкімшілендіру, 6B04115- Менеджмент саласындағы іскерлік әкімшілендіру, 6B04116 - Ақпараттық технологиялар саласындағы іскерлік әкімшілендіру, 6B04116- Маркетинг саласындағы іскерлік әкімшілендіру Халықаралық экономика мектебінің математика пәнінен ішкі емтиханын тапсыруы керек. Егер талапкер қабылдау комиссиясына GMAT сертификаттарын, сондай-ақ International Baccalaureate (IB) бітіргені және Cambridge International as and a Level qualification (CIE) тапсырғаны туралы растайтын құжаттарды ұсынса, онда ол ішкі емтихан тапсырудан босатылады.

### 5-кесте математика пәні бойынша қойылатын талаптар

Білім беру бағдарламасы	Ішкі емтихан	GMAT	IB	Кембридж сынағы
6B04111-Бухгалтерлік есеп саласындағы іскерлік әкімшілендіру	25/40	100% - дан 30%	B-	B-
6B04112-Экономика және деректер ғылымы саласындағы іскерлік әкімшілендіру				
6B04114- Қаржы саласындағы іскерлік әкімшілендіру				
6B04115- Менеджмент саласындағы іскерлік әкімшілендіру				
6B04116 - Ақпараттық технологиялар саласындағы іскерлік әкімшілендіру				
6B04116-Маркетинг саласындағы іскерлік әкімшілендіру				

### 14 ТАРАУ. БАСҚА ШАРТТАР

14.1. Осы ережеге кез келген өзгерістер мен толықтырулар тек MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY Басқарма төрағасының келісімі бойынша енгізіледі. Осы құжаттың түпнұсқасы маркетинг және сату департаментінде сақталады, белгіленген тәртіппен куәландырылған көшірмелері құрылымдық бөлімшелердің басшыларына беріледі.

**MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY АҚ оқытудың толық нысанына қабылданатын (Ұлттық бірыңғай тестілеудің бейіндік пәндері мен шекті баллдарды көрсете отырып) білім беру бағдарламаларының тізбесі**

<b>Білім беру бағдарламалары тобының атауы</b>	<b>Білім беру бағдарламаларының коды және атауы</b>	<b>Бейіндік пән 1</b>	<b>Бейіндік пән 2</b>	<b>Тіл бөлімі</b>
V036 Аударма ісі	6B02301 Аударма ісі	Дүниежүзі тарих (кемінде 5 балл)	Шет тілі (кемінде 5 балл)	ағылшын
V036 Аударма ісі	6B02302 Қолданбалы лингвистика	Дүниежүзі тарих (кемінде 5 балл)	Шет тілі (кемінде 5 балл)	ағылшын
V041 Психология	6B03101 Психология	Биология (кемінде 5 балл)	География (кемінде 5 балл)	қазақ / орыс
V042 Журналистика және репортер ісі	6B03202 Халықаралық журналистика	Шығармашылық емтихан (эссе) (кемінде 25 балл)	Шығармашылық емтихан (кәсіби жарамдылығын анықтауға арналған сұхбаттасу) (кемінде 25 балл)	қазақ / орыс
V044 Менеджмент және басқару	6B04115 Менеджмент саласындағы іскерлік әкімшілендіру	География (кемінде 5 балл)	Математика (кемінде 25 балл)	ағылшын
V044 Менеджмент және басқару	6B04116 Ақпараттық технологиялар саласындағы іскерлік әкімшілендіру	География (кемінде 5 балл)	Математика (кемінде 25 балл)	ағылшын
V045 Аудит және салық салу	6B04111 Бухгалтерлік есеп саласындағы іскерлік әкімшілендіру	География (кемінде 5 балл)	Математика (кемінде 25 балл)	ағылшын

В046 Қаржы, экономика, банк және сақтандыру ісі	6В04112 Экономика және деректер ғылымы саласындағы іскерлік әкімшілендіру	География (кемінде 5 балл)	Математика (кемінде 25 балл)	ағылшын
В046 Қаржы, экономика, банк және сақтандыру ісі	6В04114 Қаржы саласындағы іскерлік әкімшілендіру	География (кемінде 5 балл)	Математика (кемінде 25 балл)	ағылшын
В075 Маркетинг және жарнама	6В04117 Маркетинг саласындағы іскерлік әкімшілендіру	География (кемінде 5 балл)	Математика (кемінде 25 балл)	ағылшын
В049 Құқық	6В04201 Құқықтану	Дүниежүзі тарих (кемінде 5 балл)	Құқық негіздері (кемінде 10 балл)	қазақ / орыс
В049 Құқық	6В04202 Халықаралық құқық	Дүниежүзі тарих (кемінде 5 балл)	Құқық негіздері (кемінде 10 балл)	қазақ / орыс
В091 Туризм	6В11101 Қонақжайлылық	География (кемінде 5 балл)	Шет тілі (кемінде 5 балл)	ағылшын
В091 Туризм	6В11102 Туризм	География (кемінде 5 балл)	Шет тілі (кемінде 5 балл)	ағылшын
В140 Халықаралық қатынастар және дипломатия	6В03103 Халықаралық қатынастар	Дүниежүзі тарих (кемінде 5 балл)	Шет тілі (кемінде 30 балл)	ағылшын

*ҰБТ барысында «Құқық негіздері» пәні бойынша 10-нан кем балл жинаған талапкерлер ҚЖМ бағдарламаларына шартты түрде қабылданады және оқу қорытындысы бойынша бірінші семестрде қорытынды бағасы С+;70%;2,33-тен төмен емес «Мемлекет және құқық теориясы» пәнін меңгеруі тиіс. Көрсетілген талап орындалғанға дейін олар келесі курстарға ауыстырыла алмайды.*

**MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY қысқартылған оқу мерзіміне қабылдайтын  
білім беру бағдарламаларының тізбесі**

а) орта кәсіптік білім беру базасында (күндізгі оқу нысаны)

<b>Білім беру бағдарламалары тобының атауы</b>	<b>Білім беру бағдарламаларының коды және атауы</b>	<b>Жалпы кәсіптік пән</b>	<b>Арнайы пән</b>	<b>Тіл бөлімі</b>	<b>Оқу мерзімі</b>
B036 Аударма ісі	6B02301 Аударма ісі	Қазақ тілі/ Орыс тілі	Шет тілі	ағылшын	3 жыл
B036 Аударма ісі	6B02302 Қолданбалы лингвистика	Қазақ тілі/ Орыс тілі	Шет тілі	ағылшын	3 жыл
B041 Психология	6B03101 Психология	Қазақстан Тарихы	Психология негіздері	Қазақ/ Орыс	3 жыл
B049 Құқық	6B04201 Құқықтану	Мемлекет және құқық теориясының негіздері	Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы	Қазақ/ Орыс	3 жыл
B091 Туризм	6B11101 Қонақжайлылық	География	Туристік қызметті ұйымдастыру	ағылшын	3 жыл
B091 Туризм	6B11102 Туризм	География	Туристік қызметті ұйымдастыру	ағылшын	3 жыл

Жоғары гуманитарлық мектеп қабылдау жүргізетін білім беру бағдарламаларының тізбесі (магистратураға түсу үшін кешенді тестілеудің бейіндік пәндерін көрсете отырып)

К о д	Білім беру бағдарламаларының атауы	Оқу мерзімі	Бейінді пән 1	Бейінді пән 2	Тіл бөлімі
<b>Білім беру бағдарламалары тобы</b>					
<b>М056 Аударма ісі, ізбе-із аударма</b>					
7M02301	Аударма ісі	1 жыл	Аударма теориясы	Кәсіби бағытталған шет тілі	ағылшын
7M02321	Аударма ісі	2 жыл			ағылшын
<b>М059 Шетелдік филология</b>					
7M02322	Қолданбалы лингвистика	2 жыл	Тіл білімінің теорияның негіздері	Кәсіби бағытталған шет тілі	ағылшын
<b>М066 Психология</b>					
7M03101	Консультациялық психология	1 жыл	Жалпы психология	Даму психологиясы	орыс
		2 жыл			

Халықаралық экономика мектебі қабылдау жүргізетін білім беру бағдарламаларының тізбесі (магистратураға түсу үшін кешенді тестілеудің бейіндік пәндерін көрсете отырып)

Код	Білім беру бағдарламаларының атауы	Оқу мерзімі	Бейінді пән 1	Бейінді пән 2	Тіл бөлімі
<b>Білім беру бағдарламалары тобы</b>					
<b>М070 Экономика</b>					
7M04142	Экономика	2 жыл	Кәсіпорын экономикасы	Макроэкономика	ағылшын
<b>М074 Қаржы, банктік және сақтандыру ісі</b>					
7M04124	Қаржы	2 жыл	Қаржы негіздері	Корпоративтік қаржы	ағылшын

**Жоғары құқық мектебі қабылдау жүргізетін білім беру бағдарламаларының тізбесі (магистратураға түсу үшін кешенді тестілеудің бейіндік пәндерін көрсете отырып)**

Код	Білім беру бағдарламаларының атауы	Оқу мерзімі	Бейінді пән 1	Бейінді пән 2	Тіл бөлімі
<b>Білім беру бағдарламалары тобы</b>					
<b>M078 Құқық</b>					
M078 Құқық	Құқықтану	1 жыл	Мемлекет және құқық теориясы	Жағдаят (кейс)	орыс
	Құқықтану	2 жыл			орыс
	Халықаралық құқық	1 жыл	Мемлекет және құқық теориясы	Жағдаят (кейс)	орыс
	Халықаралық құқық	2 жыл			орыс
	Бәсекелестік құқық	1 жыл	Мемлекет және құқық теориясы	Жағдаят (кейс)	орыс
	Құқық IT	1 жыл	Мемлекет және құқық теориясы	Жағдаят (кейс)	орыс
	Зияткерлік меншік және бизнес құқығы	1 жыл	Мемлекет және құқық теориясы	Жағдаят (кейс)	ағылш/ орыс

**MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY магистратура және докторантура білім беру бағдарламаларының тізбесі**

Білім беру бағдарламаларының тобы	Білім беру бағдарламаларының коды мен атауы	Оқу мерзімі	Тіл бөлімі
M056 Аударма ісі	7M02301 Аударма ісі	1 жыл	ағылшын

M056 Аударма ісі	7M02321 Аударма ісі	2 жыл	ағылшын
M059 Шетелдік филология	7M02322 Қолданбалы лингвистика	2 жыл	ағылшын
M066 Психология	7M03101 Консультациялық психология	1 жыл	орыс
M066 Психология	7M0310 Консультациялық психология	2 жыл	орыс
M070 Экономика	7M04142 Экономика	2 жыл	ағылшын
M072 Менеджмент және басқару	7M04150 Іскерлік әкімшілендіру магистрі	2 жыл	ағылшын/ орыс
M072 Менеджмент және басқару	7M04151 Executive MBA	1 жыл	ағылшын/ орыс
M074 Қаржы, банктік және сақтандыру ісі	7M04124 Қаржы	2 жыл	ағылшын
M078 Құқық	7M04201 Құқықтану	1 жыл	орыс
M078 Құқық	7M04211 Құқықтану	2 жыл	орыс
M078 Құқық	7M04202 Халықаралық құқық	1 жыл	ағылшын
M078 Құқық	7M04212 Халықаралық құқық	2 жыл	ағылшын
M078 Құқық	7M04207 Бәсекелестік құқық	1 жыл	ағылшын
M078 Құқық	7M04208 Құқық ІТ	1 жыл	ағылшын
M078 Құқық	7M04210 Зияткерлік меншік және бизнес құқығы	1 жыл	ағылшын / орыс
D072 Менеджмент және басқару	8D04150 Іскерлік әкімшілендіру докторы	3 жыл	ағылшын / орыс



Бакалавриаттың ұқсас БББ топтарының және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтарының сәйкестігі:

Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының атауы	Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары мен біліктіліктері	
	Мамандықтар мен біліктілік шифрлары	Мамандықтар мен біліктіліктердің атауы
<b>В049 Құқық</b>		
6В04201 – Құқықтану (оқу мерзімі – 3 жыл)	0201000	Құқықтану
	020101 3	Заңгер
	020102 3	Заң кеңесшісі
	0202000	Құқық қорғау қызметі
	020201 3	Заңгер
	0203000	Патенттану
	020301 3	Техник
<b>В036 Аударма ісі</b>		
6В02301 - Аударма ісі (оқу мерзімі – 3 жыл)/ 6В02302 - Қолданбалы лингвистика (оқу мерзімі – 3 жыл)	<b>0111000</b>	<b>Негізгі орта білім</b>
	011108 3	Шет тілі мұғалімі
	<b>0512000</b>	<b>Аударма ісі (түрлері бойынша)</b>
	051201 3	Аудармашы
	051202 3	Аудармашы-гид
	051201 3	Аудармашы
	051202 3	Аудармашы-гид
<b>В037 Филология</b>		
6В02303 Қазақ-ағылшын тілдері және лингвистика (оқу мерзімі – 3 жыл)	<b>0111000</b>	<b>Негізгі орта білім</b>
	011101 3	Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
	011102 3	Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
	011103 3	Ұйғыр тілі мен әдебиеті мұғалімі
	011104 3	Өзбек тілі мен әдебиеті мұғалімі
	011108 3	Шет тілі мұғалімі
	051202 3	Аудармашы-гид
<b>В041 Психология</b>		
6В03101 Психология (оқу мерзімі – 3 жыл)	<b>0102000</b>	<b>Тәрбие жұмысын ұйымдастыру (деңгейлер бойынша)</b>
	010201 3	Қосымша білім беру педагогы
	010202 3	Педагог-ұйымдастырушы
	010206 4	Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың қолданбалы бакалавры
	<b>0103000</b>	<b>Дене шынықтыру және спорт</b>
	010302 3	Дене шынықтыру мұғалімі
	010303 3	Спорт бойынша жаттықтырушы-оқытушы
	010304 3	Бейімдік дене шынықтыру мұғалімі
	010305 4	Қолданбалы дене шынықтыру бакалавры
	<b>0105000</b>	<b>Бастауыш білім</b>
	010501 3	Бастауыш білім беру мұғалімі

	010502 3	Бастауыш білім берудің информатика мұғалімі
	010503 3	Бастауыш білім берудің шет тілі мұғалімі
	010504 3	Өзін-өзі тану мұғалімі
	010508 3	Ағылшын тілі бойынша білімі бар бастауыш білім беру мұғалімі
	010509 3	Ағылшын тілі бойынша білімі бар бастауыш білім берудің информатика пәнінің мұғалімі
	010510 4	Бастауыш білім берудің қолданбалы бакалавры
	<b>0108000</b>	<b>Музыкалық білім</b>
	010801 3	Мектепке дейінгі және негізгі орта білім беру ұйымдарында музыка мұғалімі
	<b>0109000</b>	<b>Өмір қауіпсіздігі және валеология</b>
	010901 3	Негізгі орта білім берудің тіршілік қауіпсіздігі және валеология негіздері мұғалімі
	<b>0111000</b>	<b>Негізгі орта білім</b>
	011101 3	Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
	011102 3	Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
	011103 3	Ұйғыр тілі мен әдебиеті мұғалімі
	011104 3	Өзбек тілі мен әдебиеті мұғалімі
	011105 3	Өзін-өзі тану мұғалімі
	011106 3	Математика пәнінің мұғалімі
	011107 3	Физика пәнінің мұғалімі
	011108 3	Шет тілі мұғалімі
	011109 3	Информатика пәнінің мұғалімі
	011110 3	Ағылшын тілін білетін өзін-өзі тану мұғалімі
	011111 3	Ағылшын тілін білетін математика мұғалімі
	011112 3	Ағылшын тілін білетін физика пәнінің мұғалімі
	011114 3	Көркем еңбек мұғалімі
	011113 4	Негізгі орта білім берудің қолданбалы бакалавры
	<b>0112000</b>	<b>Исламтану</b>
	011202 3	Ислам негіздерінің мұғалімі
<b>B042 - Журналистика және репортер ісі</b>		
<b>6B03202 Халықаралық журналистика</b>	<b>011100 0</b>	<b>Негізгі орта білім</b>
	011101 3	Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
	011102 3	Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
	011103 3	Ұйғыр тілі мен әдебиеті мұғалімі
	011104 3	Өзбек тілі мен әдебиеті мұғалімі
	011108 3	Шет тілі мұғалімі
	011113 4	Негізгі орта білім берудің қолданбалы бакалавры
<b>B091 Туризм</b>		

<b>6В1102 – Туризм (оқу мерзімі– 3 жыл)</b>	<b>0508000</b>	<b>Тамақтануды ұйымдастыру</b>
	050806 3	Технолог-менеджер
	<b>0511000</b>	<b>Туризм (салалар бойынша)</b>
	051104 3	Менеджер
	<b>0512000</b>	<b>Аударма ісі (түрлері бойынша)</b>
	051201 3	Аудармашы
	051202 3	Аудармашы-гид
	<b>0521000</b>	<b>Қонақ үй бизнесі: мейрамхана/қонақ үйді басқару</b>
	052101 3	Қызмет менеджері
	<b>0522000</b>	<b>Іс-шараларды ұйымдастыру және қызмет көрсету</b>
	052201 3	Іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі менеджер
	<b>1226000</b>	<b>Тамақтандыру кәсіпорындарының өнімдерін өндіру технологиясы және ұйымдастыру</b>
	122603 3	Технолог
	122604 3	Техник-технолог
	122606 4	Азық түлік кәсіпорындарының өнімдерін өндіру технологиясы мен ұйымдарының қолданбалы бакалавры

**GRE стандартталған тестінің халықаралық сертификатының балдарын ағылшын тілінде оқытатын магистратураға КТ балдарына аудару шкаласы**

Халықаралық стандартталған GRE тесті			Кешенді тестілеу	
Тест бөлімдері	«Гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар» кадрларын даярлау бағыттары үшін балдар	«Бизнес және басқару» кадрларын даярлау бағытына арналған ұпайлар	Тест түрлері	Баллдар
Quantitative Reasoning	кемінде 155 балл	кемінде 160 балл	Оқуға дайындықты анықтауға арналған тест	30
			Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест	70

**Халықаралық экономика мектебінің «Қаржы» магистратурасының білім беру бағдарламаларына ішкі түсу емтиханы**

1- БЛОК– Математика бөлімі (Quantitative)	1 тапсырма – Мәселе шешу
2- БЛОК – Data Sufficiency Problem	1 тапсырма – Сандық есептерді талдау
Уақыт (мин)	120
Шекті балл	Халықаралық экономика мектебінің оқуға түсушілерді қабылдау жөніндегі комиссиясының шешімі бойынша

Білім беру бағдарламасы	Шекті балл
<b>Жоғары гуманитарлық мектеп</b>	
6B02301 Аударма ісі	<b>125</b>
6B02302 Қолданбалы лингвистика	
6B03101 Психология	<b>120</b>
6B11101 Қонақжайлылық	<b>120</b>
6B11102 Туризм	
<b>Құқық жоғары мектебі</b>	
6B04201 Құқықтану	<b>120</b>
6B04202 Халықаралық құқық	
<b>Халықаралық экономика мектебі</b>	
6B03103 Халықаралық қатынастар	<b>120</b>
6B04111 Бухгалтерлік есеп саласындағы іскерлік әкімшілендіру	<b>120</b>
6B04112 Экономика және деректер ғылымы саласындағы іскерлік әкімшілендіру	<b>120</b>
6B04114 Қаржы саласындағы іскерлік әкімшілендіру	
6B04115 Менеджмента саласындағы іскерлік әкімшілендіру	<b>120</b>
6B04116 Ақпараттық технологиялар саласындағы іскерлік әкімшілендіру	
6B04117 Маркетинг саласындағы іскерлік әкімшілендіру	<b>120</b>
<b>Халықаралық журналистика мектебі</b>	
6B03202 Халықаралық журналистика	<b>100</b>

## **Қазақ / орыс тілдерінен KAZGUU (KEPT) түсу емтиханын өткізу қағидалары.**

### **Талапкерлер:**

- Сілтеме бойынша KEPT емтиханына тіркелу <https://lp.mnu.kz/admission>;
- Емтихан үшін төлем жасап, төлем туралы түбіртек тіркеу;
- Емтиханға сілтеме алу үшін поштаны тексеріңіз (кейде хат спамға түседі);
- 9:30-дан 9:50-ге дейінгі аралықта белгіленген күні поштаға жіберілген сілтеме бойынша қосылу;
- Жеке басын куәландыратын құжатты (түпнұсқаны) және төлем туралы толық электрондық түбіртек pdf форматында (қызметтер құнының тізіліміне сәйкес) дайындау;
- Емтихан кезінде берілген нұсқауларды мұқият тыңдау және орындау;
- Техникалық мәселелер туындаған кезде емтихан алушыға дереу хабарласу керек;

### **Талапкерлерге тыйым салынады:**

- Емтихан ережесін бұзу;
- Емтихан тапсырылатын компьютерден басқа көмекші материалдарды, ұялы телефонды және басқа электрондық құрылғыларды пайдалану;
- Емтихан алдында немесе емтихан кезінде шу шығару;
- Камераны өшіру;
- Емтихан кезінде басқа үміткерлермен сөйлесу;
- Емтихан кезінде көшіру;
- Интернет шолғыштың басқа беттеріне өту;
- Емтихан мазмұнын талқылау және жариялау.










### **Есте сақтаңыз:**

- Академиялық адалдықты бұзу жағдайлары анықталған жағдайда, емтихан нәтижелері жойылады.
- Аталған ережелердің біреуін немесе одан көбін бұзған үміткер KEPT емтиханынан шеттетіледі, бұл ретте емтихан төлемі қайтарылмайды;
- Ағылшын, қазақ/орыс тілдерінен емтиханның барлық бөліктері белгіленген кестеге сәйкес бір күнде өткізіледі.

**Қабылдау емтиханына қатысу құнын төлеу MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY құн тізіліміне сәйкес жүргізіледі, бұл тізіліммен сіз қабылдау комиссиясында немесе ресми сайтта таныса аласыз.**

**Приложение А**  
(обязательное)

Лист согласования

Должность	ФИО	Дата	Подпись
Первый заместитель Председателя Правления	Кудайбергенов Г.Б.		
Заместитель Председателя Правления	Мухамеджан Е.А.		
Заместитель Председателя Правления	Карбозова А.Б.		
Провост (Ректор)	Пен С.Г.		
Директор (Декан) Высшей школы права	Бектибаева О.С.		
Директор (Декан) Международной школы экономики	Кемельбаева С.С.		
Директор (Декан) Высшей гуманитарной школы	Ибраева А.Б.		
Директор (Декан) Международной школы журналистики	Жамалова А.Т.		
Руководитель Управления правового обеспечения	Крушинский М.А.		
Главный бухгалтер– руководитель Отдела бухгалтерского учета.	Увалиева Б.Б.		